# КҮННІҢ НҰРЫ, АНАНЫҢ МЕЙІРІМІ ШУАҚТЫ!

Сыр бойы

8 наурыз сенбі 2014 жыл №34-35 (18728-18729) Қызылорда облыстық газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады www.syrboyi.kz

## «КӨКТЕМ ШУАҒЫ» ШАТТЫҒЫ

**Кеше Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылған «Көктем шуағы» деп аталатын шара аясында әйелдер қауымы өкілдерімен кездесті.**

– Сіздер арқылы мен еліміздің барлық әйелдер қауымын құттықтап, денсаулық, отбасында бақыт және татулық тілеймін. Экономиканың түрлі салаларында, әсіресе ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, бизнесте жұмыспен қамтылғандардың 52%-нан астамын әйелдер құрайды. Олар депутаттардың, басшылардың арасында да көп, ал мемлекеттік қызметшілердің тең жартысынан астамы – әйелдер. Осылайша олар көптеген шешімдерді қабылдауға атсалысады. Сол үшін менің алғысымды қабыл алыңыздар, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті гендерлік қатынас бойынша республика жетекші орында тұрғандығын жеткізді. Әйелдердің өндірістегі жалпы ұлттық өнімге қосқан үлесі 40%-ға жуықтайды. Әйелдер маңызды мемлекеттік қызметтер атқарады, 550 мың қазақстандық әйел шағын және орта бизнеске басшылық етеді.

Кездесу соңында түрлі салада еңбек етіп жүрген нәзік жандылар өздеріне көрсетілген зор ілтипат үшін Елбасына алғыс сезімін білдірді.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен «Әлемнің жарығы» атты концертті тамашалады.

Халықаралық әйелдер күніне арналған концертте отандық белгілі әртістер мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Мерекелік қойылымда көптеген музыкалық және театрлық жанрлар қамтылды.




**8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні**

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Ардақты аналар, аяулы арулар!**

Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ана – тіршіліктің тірегі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы.

Президентіміз, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында елімізде әйелдер құқығы мен мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлініп келеді.

Әйелдер бүгінде барлық салада жемісті еңбек етіп жүр. Мемлекетіміз жеткен жетістіктерге нәзік жандылардың қосқан үлесі зор.

Әйелдер қауымы іскерлігімен қатар қашанда отбасының ұйытқысы, ырыс-берекесі болып келеді.

Сыр өңірінің нәзік жандылары да билік пен бизнесте, ғылым мен мәдениетте ерекше қабілетімен танылуда.

Елбасының «Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атауларының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды» деген сөздері ананың қадірін біліп, асыл қасиетін түсінуге үндейді, мемлекет және қоғам болып аналарымызды алақанға салып аялауға шақырады.

Бүгінгі мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

**Құрметпен,**
**Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ**

Ұлт пен ұрпақтың бесігін тербетіп, тәрбиесін түзейтін, тіліміз бен ділімізді санамызға сіңіретін Ана деген құрметке ие ардақты жандарға арналып Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында салтанатты шара өтті. Тыныс-тіршілігімізге нәр берген күн шуғылалы көктем мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне аймақтың әр жерінен "Батыр аналар", қоғамдық жұмысқа белсене араласып жүрген қыз-келіншектер қатысты.

## ШЫРАЙЛЫ КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ

"Бәрі де адамның өз қолында, ал адам әйелдің алақанында" деген қанатты сөз әлемді билейтін де, тербейтін де Әйел – ардақты апа, аяулы ана, асыл жар, арлы қарындас. Әйел – отбасының ұйытқысы, бала тәрбиесінің бағбаны, тіршіліктің тұтқасы.

Салтанатты шарада облыс әкімі Қ.Көшербаев, аяулы аруларды құттықтап, лебізін білдірді.

– Қазіргі таңда әйелдердің аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үлесі өлшеусіз. Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, мәдениет саласындағы олардың еңбегі зор. Ең бастысы, әйелдер қай салада қызмет етпесін, сол саланы дамытып, нығайтуға ерекше үлес қосып, көпшілік құрметіне бөленіп келеді. Көктемнің шуғылалы мерекесімен баршаңызды құттықтаймын. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын, – деді аймақ басшысы.

Кешке арнайы келген А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училище шәкірттері композициялық өнерлерін көрсетіп, рухани ләззат сыйлады.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

## ҚАЗАҚ ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМДАРДЫ АНАҒА БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ





**Осы аптаның бейсенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай аймақта кезінде түрлі салада қызмет еткен ардагер аналар, қазір жемісті еңбек жасап жүрген әйелдер, көпбалалы аналарды қабылдады. Қабылдау барысында облыс басшысы оларды мерекемен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді.**

Қазақ халқында Ананың орны бөлек. Қасиетті ұғымның барлығын Анаға байланысты айтамыз. Түсінігімізде Жер-Ана, Отан-Ана деген тіркестер жиі кездеседі. Сондай-ақ, төл тілімізді де ана сөзіне байланыстырып, Ана тіліміз дейміз. Әндеше, қашаннан да үлкен сыйлап, олардың алдында ізет көрсетіп үйренген біздің халқымыз үшін осы бір аяулы жандар әрдайым зор құрметке ие болады. Ерте кезден белгілі Тұмар ханым, Домалақ ана, Баян сұлу, Қыз Жібек секілді көптеген ардақты есімдер қазақтың жадында мәңгілікке сақталып қалған.

– Облыс дамуына әйелдердің қосқан үлесі үлкен, – деді облыс басшысы сөзін одан әрі жалғап. – Кезінде Шырынкүл Қазанбаева, Сәлима Жұмабекова сынды ақ жаулықты аналар уақытпен санаспай еңбек етіп, дала қосында алтын дәнді молынан қамбаға құйды. Оған қоса, басшылық қызметтерде көптеген әйелдер жемісті жұмыс жасады. Бүгінгі күні де сондай зор міндеттерді абыроймен атқарып жүрген нәзік жандылар баршылық. Баршаңызды мерейлі мерекемен құттықтаймын! Барлық ізгі тілектерді сіздерге тілейміз.

Елбасы жарлығымен елімізде өткен жылдан бастап Отбасы күні мерекесі белгіленді. Әрбір шаңырақтың ұйтқысы – әйелдер ер азаматтарға сүйеу бола жүріп, бала тәрбиесіне көңіл бөледі. Қазақстанда ана мен бала денсаулығын қорғау бағытында нақты іс-шаралар қолға алынған.

2-бет

# ҚАЗАҚ ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМДАРДЫ АНАҒА БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ



*Үшемдерді дүниеге әкелген аналарға автокөлік сыйланды*

Осындай игі істер біздің облыста да көрініс беруде. Таяу уақытта Қызылорда қаласынан ана мен бала орталығы елдің игілігіне айналады. Бұрынғы жылдарда өңірде ана мен бала өлімі көп болды. Жасалған жұмыстардың нәтижесінде бұл көрсеткіш 33 пайызға төмен түсті. Біздің өңірдің халқы жыл сайын 12 пайызға өсіп отыр. Елімізде мұндай жоғары көрсеткішке жетіп отырған үш аймақ бар. Сондай-ақ, біздің облыста 2015 жылы мектепке дейінгі бүлдіршіндерді балабақшамен қамту 100 пайыз шешілмек.

Кездесуде аймақ басшысы әрбір салада жемісті еңбек еткен бірқатар әйелдерге облыс әкімінің «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатын» табыстап, оларға марапат көрсетті. Сонымен қатар, көпбалалы аналар – Шолпан Сариева мен Женіскүл Пірмағанбетоваға «Алтын алқа» табыс етілді. Жақында ғана жарық дүние есігін ашқан қос бірдей үшемнің әкелері – жаңақорғандық Сәбит Мелденов пен қазалылық Жаңабай Қалиевке салтанатты түрде көліктің кілті берілді.

Шара барысында Социалистік Еңбек ерлері Шырынкүл Қазанбаева, Сәлима Жұмабекова және өзге де әйелдер зор құрмет көрсетіп, жылы лебізін білдірген облыс басшысына ризашылығын білдірді.

***

Дәл осы күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев кезінде мемлекеттік қызметте болған және бүгінгі күні осы салада еңбек атқарып жүрген нәзік жандылармен жүздесті. Оларды мерейлі мерекемен құттықтап, игі тілегін білдірді. Шара соңында жергілікті өнерпаз Қуаныш Құттымұратовтың орындауында ана тақырыбында әндер орындалды.

1-бет

**Әділжан ҮМБЕТ.**

# ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

**Облыс әкімдігінде аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен көктемгі дала жұмыстары дайындығына арналған отырыс өтті. Оған қала, аудан әкімдері, ауылшаруашылық саласы мамандары мен басқарма басшылары қатысты.**

Көктемгі дала жұмыстарына дайындықты баяндаған облыстық ауылшаруашылық басқармсының басшысы Т.Дүйсебаев, облыс бойынша 160,4 мың га жерге егіс орналастыру межеленгенін жеткізді. Осыған орай, дақылдарға субсидия төлеу бағдарламасы бойынша қосымша 91 млн. теңге қажеттігі туындап отыр.

Сондай-ақ, ауылшаруашылық саласына 14 мың тн. дизель отыны, 2,8 мың тн. бензин және 840 тн. қою май қажет болса, қазіргі таңда шаруашылық қорларында бар болғаны 20 пайыз ғана жанар-жағармай бар.

Осыған байланысты, мұнай өңдеу зауыттарынан облысқа дизель отынын жеткізуші 12 оператор анықталып, жанар-жағармай жеткізу жөнінде жұмыстар жасалуда. Және бір өзекті мәселе, шеттен әкелінетін минералдық тыңайтқыштар мен гербицид бағасы 20-25% қымбаттаған.

Аймақ басшысы жанар-жағармайға қатысты кепілді құн бағасы Мұнай және газ министрлігі арқылы жақын арада белгілі болатынын, тиісті ұсыным хаттар дайындалатынын, ал тыңайтқыштарға қажет қаражатты республика немесе облыс бюджетінен қосымша қарастырылатынын жеткізді.

Аймақта егілетін дақылдарды тұрақты суаруға орташа есеппен 4-4,1 млрд. текше метр су қажет. Осыған байланысты, Су ресурстары комитеті «Қазсушар» мекемесі басшысы Шардара су қоймасымен және Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесіне сәйкес, жоспарланған егіс көлемін суармалы сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін айтты.

Сондай-ақ үстіміздегі жылы шаруашылық құрылымдары машина-трактор паркін жаңалау үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ құны 800 млн. теңге құрайтын 42 дана ауыл шаруашылығы техникаларына тапсырыс берген.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**



● САПАР

**Кеше облысымызға жұмыс сапарымен келген ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрі Владимир Божко алдымен Жаңақорған ауданының Бірлік ауылына аялдады.**

# ДАРИЯ: ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Жамағаттың есінде болар, ақпан айының 22-сі жұлдызында нөсерлете жауған жаңбыр салдарынан қар еріп, соңы қарғын судың жүруіне әкеліп соқтырған болатын. Табиғаттың тосын мінезінен осы ауылға және аудан



орталығы – Жаңақорған кентінің түстік беткейіндегі тұрғын үйлер ауласына су кіріп, тұрғындарға едәуір дүрбелең туғызған болатынды. Араға апта салып осы оқиға тағы қайталанғанында, Бірлік ауылының сегіз үйінің ауласынан қарғын су жүріп өтті. Мал-жан аман болғанымен, тілсіз жаудың қайталап соғуы жұртшылықты аландатары рас. Оның үстіне биылғы қыста тауға қардың қалың түсуі салдарынан дария тасқыны бола ма деген де қауіп елді елеңдетіп отырғандығы да бар. Міне, қарғын мен су тасқынының алдын алу шараларын көзімен көріп, қажет жағдайда нақтылай көмек беруге келген Владимир Божко облыс әкімі Қырымбек Көшербаевпен бірігіп, мәселені қауіпті аймақ деп табылған жерлерде талқылады.

Осы ауыл тумасы, аудандық мәслихат депутаты Б.Құтыбаев жергілікті тұрғындарды мазалап отырған мәселені былайша түсіндірді. «Табиғаттың биылғы тосын мінезі араға қырық жыл салып барып, қайталанып отыр. Ауыл тұрғындарының жұмыла кірісуі және төтенше жағдайлар бөлімшелерінің белсенді әрекеті нәтижесінде оның зардабы аса қатты бола қойған жоқ, дегенде, көптен жөндеу көрмеген су тоспалары мен арналарды жөндеу қажеттілігі туындап отыр. Міне, осыған құзырлы орындардың қаржылай көмегі қажет».

Аудан әкімі Сұлтанбек Тәуіпбаев аудандағы қарғын суға қарсы шаралар туралы және Шардарадан жіберілген мол су мен сең қозғалысын Сырдария өзенінен заласыз өткізіп салу тұрғысындағы жұмыстарды баяндады. Қазіргі кезде барлық жағдай бақылауда. Кезекшіліктер ұйымдастырылған, мобильдік топтар сақадай әзір. Қажетті техникалар жинақталған, оның үстіне аудан тұрғындары да ұйымшылдық көрсетуде.

– Тосын жағдайда тез көтеріліп, ауызбірлік таныту қандай да қауіпті сейілтеді. Сабырлылықпен қарғын судан қорғанғандарыңызға ризамын. Оның үстіне біздің төтеншенің жігіттері де қиыншылыққа жол бермеудің бар шарасын іске асырады, – деген В.Божко қысқы қардың жылы ауамен мүжіліп, сесі қайтқандығын, сондай-ақ, Сырдария өзені арқылы төмен қарай секундына 500 текше метрден артық су жіберілмейтіндігін, оның өз кезегінде қауіп тудырмайтындығын атап өтті.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ҚР Төтенше жағдайлар министрімен нақты жағдайларды саралай келе, қауіпсіздік шараларымен тікелей айналысатын құрылым басшылары мен жергілікті атқарушы орындарға тиісті тапсырмалар берді.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған ауданы.

***

Аймағымызға жұмыс сапарымен келген еліміздің Төтенше жағдайлар жөніндегі министрі Владимир Божко Жаңақорған ауданынан соң Қызылорда қаласында болды. Сырдария өзеніндегі жаңа көпір жанында стенд арқылы мұндағы қорғаныс бөгеттері мен өзенде қалыптасқан жағдаймен танысқан министр түс ауа облыс әкімшілігінің мәжіліс залында өткен селекторлық жиынға қатысты.

Жиынды ашқан аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев дария бойымен жоғарыдан келе жатқан суды мүмкіндігінше ауыздықтау мәселесіне қатысты алғашқы хабарлама жасау үшін орынбасары Рзақұл Нұртаевқа сөз берді. Оның айтуынша, Шардара су қоймасына жиналған су көлемі 4135 млн. текше метрге жеткен. Нақты кезеңде аталған су қоймасынан төмен қарай секундына 1 мың текше метр су тасталуда. Оның 500 текше метрі Көксарай су реттегішіне бағытталып жатыр. Мұндағы жиналған су көлемі 2222 млн. текше метр. Жоғарыдан біздің облыс аумағындағы өзен арнасына секундына 500 текше метр су келуде. Қызылорда су торабына дейінгі аралықтағы арналар мен көлдерге артық су жіберілуде. Ал, тораптан төмен қарай кетіп жатқан су мөлшері секундына 360 текше метрді құрайды. Дариядағы мұздың қалыңдығы 42-69 сантиметр аралығында. Облыс аумағынан көктемгі су тасқынын зардапсыз өткізіп жіберу үшін қазір қауырт шаралар атқарылып жатыр. Бұл туралы «Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» мекемесінің басшысы Ә.Қарлыханов, «Қазсушар» облыстық филиалының жетекшісі Б.Арыстанбаев және облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаментінің басшысы С.Өмірзақов жеткізді. Мәселен, былтыр өзен бойындағы 22,6 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгеттері нығайтылып, 6 гидроқондырғы жөндеуден өткізілген. Бұған қоса, су тасқынына қарсы шараларға облыс бюджетінен 271,5 млн. теңге бөлінді. Арнайы құрылған комиссия облыс көлемінде 26 қауіпті аймақ барын анықтаған. Оның 8-і Қызылорда қаласында. Шиелі ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев пен қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қауіпті саналған аймақтардың арнайы техникалары бар мекемелерге бекітіліп берілгенін және онда тәуліктік кезекшілік ұйымдастырылғанын айтты. Тасқын судан ешкім зардап шекпес үшін оған қарсы әрекеттер облыс әкімінің тапсырмасымен барлық аудандарда жүргізілуде.

Арнайы рұқсаты бар мұз жарғыш мекеме мамандары бүгінде Шиелі ауданында жару жұмыстарын жүргізуде. Сең аталған ауданнан 9-10, ал Қызылорда қаласы тұсынан 20-30 наурыз күндері өтеді деп күтілуде.

Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген министр В.Божко Жаңақорған, Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласы аумағында өзенде қалыптасып отырған жағдаймен мұқият танысқанын, алдағы уақытта ел Үкіметі тарапынан су тасқынынан сақтану шараларына қаржы бөлуге ықпал жасайтынын жеткізді. Әсіресе, Қызылорда қаласы тұсындағы дарияның оң жақ бөлігін қой тастармен шегендеу жобасына Республикалық бюджеттен сұралған 2 млрд. теңге қаражаттың бөлінуіне қолдау білдіретінін атап өтті. Өйткені, су алу аймағына жататын ірі елді мекеннің бірінен саналатын бұл қорғаныс бөгеттерін бетондау ісі бұрын басталғанымен, қазіргі таңда тоқтап тұр.

Жиынды қорытқан аймақ басшысы министрге алғысын білдіріп, құзырлы мекеме басшылары мен қала және аудан әкімдеріне тасқынға жол бермеудің бүкіл қам-қарекетін онан әрі ұйымдастыруды тапсырды.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**
Суретті түсірген
**Болат ОМАРӘЛИЕВ.**

# «КӨКТЕМ - 2014» КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

Облыс орталығында көктемде келер қауіп-қатердің алдын алу мақсатында азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай құрылым даярлығын қарау шарасы өткізілді. Оған 18 АҚ және ТЖ құрылымының 219 адамы мен 56 техникасы қатысты.

Құрылым «Талсуат» елді мекенінде төтенше жағдайды жою бойынша өткізілген оқу-жаттығуға қатысты. Операция сәтті атқарылып, қауіптің бетін қайтарады. Оқу-жаттығуға АҚ, ТЖД және оның аумақтық бөлімшелері атсалысты.

Оқу-жаттығу мақсаты – төтенше жағдайдың алдын алу мен жоюдың жүйесін жасау, қабілеті мен дайындық деңгейін тексеру. Жергілікті атқарушы орган жұмыстарының нысандарда кездейсоқ жағдай орын алғанда АҚ және ТЖ күштері мен құралдарын басқаруы, сондай-ақ табиғи және техногендік апаттардың зардаптарын жою кезінде басқару органдарының өзара әрекетін байқау болды.

**Н.САҒАТҰЛЫ.**




САУАЛНАМА

**Әйел-аналарымыздың төл қуанышы – 8-наурыз да жетті, міне. Көктемнің алғашқы мерекесі болып табылатын бұл күн барлық әйел атаулының қуана қарсы алатын мерейлі мейрамы. Осы орайда өнерде жүрген бірқатар қыз-келіншектер арасында сауалнама жүргізген едік.**

# Өнерім – өмірім

***1. Өткен сегізінші наурыз бен биылғы сегізінші наурыз аралығында өміріңізде, өнер жолында қандай қуанышты сәттер орын алды, яғни, несімен есте қалды?***

***2. Ең алғаш кімнен жылы лебіз, сый-сияпат күтесіз?***



**Күлән Қалымбетова, ҚР Еңбек сіңірген әртісі:**

**1.** Иә, бұл әйел-аналардың асыға күтетін күні, мерейлі мерекесі. Өткен жыл мен үшін жаман болған жоқ. Облысты түгел аралап, барлық ауылдарда, елді мекендерде жеке концертімді өткіздім. Репертуар жаңарттым. Ең бастысы, бір түйір қызым Ләйләні ұзатып, құтты орнына қондырдым. Кез келген ана үшін балаларының өз теңін тауып, ұясы мен қиясына қонғанынан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Сондықтан бұл менің ең басты жағымды жаңалығым. Ал, алдағы жоспарыма тоқталсам, биыл күзге қарай жеке концертімді бермекпін. Соған дайындық үстіндемін. Өнерге 19 жасымда келдім, сонан бері сахнада жүргеніме 36 жыл болыпты. Осыған орай жеке концертімді өткізуді жоспарлап отырмын.

**2.** Ең алғаш кімнен сый-сияпат күтесіз дегенге келсем, әрине жұбайымнан күтемін, онан соң достарымнан. Себебі, бұл күні достарым міндетті түрде келіп, өздерінің ақ тілектерін арнап, жылы лебіздерін білдіріп жатады. Өзім де бұрын ең алдымен анамды құттықтайтынмын. Ол кісі қазір дүниеден озып кетті, сондықтан енді жеңгелерімді құттықтауға тырысамын.



**Үміт Медеуова, ҚР Мәдениет қайраткері:**

**1.** Жылылықтың, мейірімділіктің белгісіндей болып табылатын 8 наурыз халықаралық әйелдер, аналар, қыздар мерекесі мен үшін де мерейлі. Өткен жылы жеке концертімді бердім. Өзім еңбек ететін филармонияның 40 жылдығы өтті. Өнер адамы үнемі ізденіс үстінде жүруі тиіс деп ойлаймын, сонымен бірге жалықпай еңбек етуі керек. Былтыр бірқатар жаңа әндер жаздырдым. Биыл да репертуарымды жаңа әндермен толықтырудамын. Мәселен, жақында ғана аналар, әйелдер мерекесіне арнап Тынышбай Рахымның әні «Боз орамалды» жазып біттім.

**2.** Ең алдымен құрметті жарымнан, балаларымнан күтемін. Өзім де анамын, сондықтан балаларымның, жолдасымның шын көңілімен сыйлаған қандай сыйлығы да мен үшін қымбат.



**Индира Елубаева, Р.Бағланова атындағы әншілер байқауының лауреаты, әнші, сазгер:**

**1.** Әйелге бала сүйіп, ана атанудан артық бақыт жоқ екені белгілі. Осы орайда айта кетейін, өткен жылы жазда үлкен бақытқа кенелдім. Бүгінде Гүлімай есімді кішкентайым өсіп келеді. Қызымнын атын белгілі әнші апамыз Мақпал Жүнісова қойды. Баламен үйде отырсам да жаңа әндер жаздым. Яғни, өнерімді дамытудан қол үзген емеспін. Мысалы, кішкентайыма арнап жазған «Ботақаным» әнін белгілі әнші Индира Расылхан орындап жүрсе, Ұлықпан Жолдасовтың әніне жазылған «Келмеші» атты әнім белгілі әнші Ақбота Керімбекованың орындауында көпшілікке танылуда. Сол секілді Толқын Қабылшаеваның сөзіне жазылған «Өмір» деген әнімді «Сәтті» тобы орындап жүр. Осы секілді бірқатар әндерім бар.

**2.** Ал, сый-сияпатқа келсек, ең алдымен құттықтауларды бауырларымнан, жақындарымнан күтемін. Мені сыйлайтын, құрметтейтін жандардың кез келген бір ауыз жылы лебізі, қандай да бір сыйлығы мен үшін ыстық.

Сауалнаманы жүргізген: **Айнұр БАТТАЛОВА.**

# АҚ ЖЕЛЕҢДІ АРУЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қызылорда медициналық колледжінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы, медицина ардагерлер кеңесі және денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы облыстық ұйымының ұйымдастыруымен медицина саласының ардагер аналары мен көшбасшы қыз-келіншектеріне арналған шара өтті.

Шарада облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанат Қожарипова әріптестерін көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Онан соң нәзікжанды дәрігерлерді сегіз номинация бойынша марапаттап, арнайы дипломдар мен сыйлықтар табыстады.

Өз кезегінде сөз алған медицина ардагерлер кеңесінің төрайымы Раиса Көзденова саланың ақ жаулықты аналарын, еңбек ардагерлерін құттықтап, ыстық ықыласын білдірсе, 96 жастағы ардагер, медицина саласында 52 жыл еңбек еткен ардақты ана Шырынкүл Ахметова ақ батасын берді.

Шара Сыр өңірінің белгілі әншісі, ҚР еңбек сіңірген әртісі Күлән Қалымбетова, ҚР Мәдениет қайраткері Үміт Медеуова бастаған өнерпаздардың әуелете салған ән-жырларымен әдіптеліп, мың бұралған бишілердің әсем билерімен көркемделді.

**Барлыбек БАТЫР.**

# МӘДЕНИЕТТІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ

Мереке қарсаңында облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ержан Әбдірахманов аймақтың мәдениет және өнер саласында қызмет атқаратын әйелдер қауымын Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтап, саланың бір топ озаттарына ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін тапсырды. Олардың арасында Сырдария аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Алмагүл Бақтиярова, Сыдықовтар отбасылық халықтық ансамблінің ұйымдастырушысы әрі әншісі Базар Қостаева, Арал аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған Халық театрының режиссері Бақтыгүл Бахрамова, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру орталығының бас режиссері Орынкүл Бұрқанова, облыс орталығындағы өнер мектебінің скрипка сыныбының оқытушысы Любовь Цзю, «Әйтеке би кенттік және ауылдық клубтар» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры Ғалия Оспан бар.

Мереке мерейлі болсын!

**Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

# ӘЙЕЛ ОТБАСЫНДАҒЫ ОРНЫМЕН ҚҰНДЫ

**Қазақ халқы ертеден-ақ адамгершілікті ардақтап, ұлттық әдепті жоғары бағалай білген. Отбасында ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейтінін, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейтінін сезінген. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі, ал оның алтын қазығы – әйел.**

Бүгінгі күні әйел заты қоғамдық мәселелерді шешуге, ұлттық саясатқа терең араласып, әрқашан да отбасы мен қоғам арасына байланыс орнатып, гармониялық үйлесім тапқысы келеді. Әйел мен ер тек отбасының ғана емес, қоғамның да қос қанаты. Сондықтан әйелдер ерлермен бірдей талабына сай өмірдің әр саласында белсенділік танытып, әр түрлі салаларда жұмыс жасап жатыр.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыста мемлекеттік қызметте 1602 әйел жұмыс істейді, ол барлық мемлекеттік қызметшілердің 45,55 пайызын құрайды. Оның ішінде 2 әйел саяси қызметшілер қатарында, яғни барлық саяси қызметшілердің 28,6 пайызын құрап отыр, сондай-ақ, «А» корпусында 1 әйел қызмет жасайды. Мемлекеттік қызметшілердің сандық құрамына жасалған талдау бойынша басшы лауазымдардағы әйел саны – 165, басқа да санаттар бойынша 1437 әйел мемлекеттік қызметте еңбек етеді.

Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған әйел – өмірдің мәні, тіршіліктің сәні. Олардың қоғамдағы, жалпы адамзаттың өмірінде алатын орны ерекше. Әйел алдымен отбасының ұйытқысы, ең бастысы «ана» деген киелі ұғымның иесі сұлулықтың символы. Қазір несін жасырайық, көптеген отбасыларында бар ауыртпалық әйел-аналардың басына түсіп тұр. ҚР Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен бекітілген алдағы он жылға арналған гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асыру үшін ҚР Президенті жанындағы Отбасы және гендерлік саясат жөніндегі комиссия құрылды, оның жемісті жұмыс атқаруының өзі қоғамдағы барлық әйелдердің қорғансыз қалмайтындығының белгісі.

Қазақтың дәстүрлі тіршілігінде түз – ердікі, үй – әйелдікі. Үйде жылылық болса ғана түзде тыныштық орнайтыны баршамызға белгілі. Өмірге әйел болып келгеннен кейін отбасын құрып, аяулы ана атану – міндет. Әр әйел өзінше бір әлем. Анасыз отбасының, мемлекеттің келешегін елестету мүмкін емес. Сондықтан болар, ата-бабамыздан келе жатқан ұлы ұғымда әйел мен отбасы ажырамас бірлікте болып келді және солай болып қалуы тиіс.

Қазақ тарихында, ұлт мәдениетінде, салтында, дәстүрінде әйел адамның, қыз баланың қоғамдағы орны ең алдымен отбасындағы орнымен қадірлі саналған. Олардың мемлекеттік қызметте, басшылықта, өзге де салаларда алатын орны мен абыройы өзгеше. Дегенмен, дамыған демократиялық елдердің құндылықтары, атап айтқанда әйелдерге қатысты саясатына еліктеуден гөрі, өзімізге жақын ұлттық саяси ұстаным, қазақ халқының білікті де нәзік саясаты дұрыс. Яғни, әйел адам қоғам үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өміріндегі жауапты қызметкер, отбасындағы аяулы жар екендігін біз ешқашан науқандық саясатқа айналдырмауымыз қажет.

Ақылды әйел қашанда отбасы мен қызметін бірге ала жүріп, әлемнің бесігін тербеуге мүмкіндік табады. Жар болу мен ана болу, мұның екеуі де әйел мерейін арттырады. Қандай жоғары лауазым иесі болса да, әйел әйелдігін, күйеу күйеулігін ұмытпағаны дұрыс. Сонда үй ішінде береке орнайды, береке-бірлік орнаған отбасы бақытқа кенеледі.

**Мехриса РАХИМОВА,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің консультант-инспекторы.**

# ПОЛИЦЕЙЛЕР АНАЛАРҒА ГҮЛ СЫЙЛАДЫ



Әйелдер мерекесі қарсаңында Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының ұжымы «Ана – өмірдің гүлі» атты мерекелік кеш ұйымдастырды.

Гүлдей құлпырған биші қыздар әсем безендірілген сахна әрін ашып, мереке басталған соң басқарма бастығы, полиция подполковнигі Пазылбек Нәлібаев сөз алып, әскери тәртіппен қызмет етіп жатқан басқармадағы қырық бес қыз-келіншекті көктем мерекесімен құттықтады. Халықтың тыныштық күзетінде жүрген бірнеше нәзік жандарға сала министрлігінің бұйрығымен берілген жоғары шендерін табыстады. Басқарма ардагерлеріне ақшалай, заттай мерекелік сый-сияпат жасады.

Мұнан соң иығына оқа таққан азаматтар қолына домбыра алып, бір сәт өздерінің өнерден де алыс еместігін паш етті. Арнайы шақырылған өнерпаздар мерекелік көңіл-күйді онан әрі көтерді.

Жалпы, қатаң ережемен қызмет ететін ұжым осы күні өздерінің сөз майын тамыза тілек айтып, сахнада әртістерден кем емес әсерлі өнер көрсете білетіндерін де танытты.

**Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.**




●ЖҮРЕКТІҢ ҚАЛАУЫ

**Сыныптастар өзара бас қосқанда сонау мектеп партасындағы бір-біріне сездіруге бата алмай, сүйіктісінің есімін терезенің жақтауына ойып жаздырған бала махаббаттарын еске алысып жатады. Бірі екіншісін басынан өткерген бала махаббатымен мазақтап, кезінде өздерінің қиял әлемінде өмір сүргендеріне таң қалысады. Сол жанды қай қылығы, қай мінезі үшін ұнатқанын еске түсіре алмай дал болады. Қалай болғанда да атар таңға іңкәр еткен бала көктемдегі балауса махаббаттың жүректің терең түбінде сақталары анық. Осындай басқосулардың бірінде Маханбетов ауылында тұратын сыныптасым Маржан сол ауылда бір мектепті бір жылда бітіргендерден 8 отбасының құрылғанын тілге тиек етті. Алғашында айтыла салған көп әңгіменің біріндей қабылдағанмын, бірақ уақыт өте келе таза шындық екеніне көзім жетті.**

# Бір сыныптан 8 отбасы құрған

1974 жылы сол кездегі Сырдария ауданы Киров атындағы совхоздағы №143 мектепті бітірген 40 түлектің отыздан астамы шұбартаулықтардың бастамасына орай өндірісте қалды. Қазір айтуға оңай, әйтпесе мәпелеп өсірген, ертеңінен мол үміт күтіп отырған баласын кім қара жұмысқа жегуге құлықты дейсің. Оның үстіне ауылдың кәрі бойдақтары қыздарға қырғидай тимей ме? Алайда, алды-артын ойлатпайтын албырт көңіл, келешек коммунизмнің




белсенді құрылысшысы болуға деген алғаусыз сенім ата-ананың әлсіз қарсылығына тоқтай қойсын ба? Бастысы, партия саясаты, оған қарсы шығу дегеніңіз, ол кезде қылмыспен тең. Партияның белсенді мүшесі болған ата-ананың дымын құртқан да осы. Сөйтіп өндірісте қалуға бел буған кировтік жастар «Қызғалдақ», «Көгершін» атты комсомол жастар бригадаларына топтасып, шаруашылықтың барлық саласында еңбек етті. Негізінен сүт, көкөніс бағытындағы шаруашылық болғаннан соң барлық күш сол бағытта жұмылдырылатын. Жастар өздеріне бекітілген ақылшы-ұстаздарымен бірге шалғайдағы егістік алқабында көкөніс-бақша екті, ауыл сыртындағы мал борда-қылау алаңында түлік күтімімен айналысты, ауылдағы құрылыс жұмыстарын жүргізді. Малға қыстық азық дайындап, арнайы цехта түрлі жем шығарды. Сарысу мал жайылымында орналасқан қырқым пунктінде күзгі, көктемгі қой қырқу науқандарына қатысты.

Осы қым-қуыт тірліктің ортасындағы жастар арасында мектеп партасынан басталған балауса сезім бүр жарып, оларды алыс армандарға жетеледі. Бірлесіп сауық кештерін өткізу, туған күндері атап өту, топтасып кино-концерттерге бару, бірін-бірі шығарып салу — осының бәрі жастардың бір-біріне деген алғаусыз сезімін қалыптастырып, олардың көңіл түкпірінде қимастық ұшқынын себезгілегендей еді. Он жыл мектеп партасында бірге отырғанымен, балауса бойжеткенге балғын сезімін жеткізе алмаған кей жігіттер уақыт өте келе өзінің қыз қолынан ұстауға батылы жеткеніне таңырқайтын. Адал еңбектің адамдарды бір-біріне жақындататын құдіретін сезінгендей еді.

– Бертін келе ойласақ, біздің жаппай ауылда қалуымызға шаруашылықтағы әрбір маман атсалысқан екен,– деп еске алады Роза. – Мектеп партасынан басталған балауса махаббат иелері өз алдына, бригада жетекшілері «осы екеуі бір-біріне лайық-ау» деген қыз бен жігітті парластырып, бір жұмысқа жұмсайтын. Ертең де, келесі күні де солай ететін. Сөйтіп жүріп, бір-бірімізге жүрегімізбен байланғанымызды кеш білдік. Қазір үлкен кісілердің сол ісін ризалықпен еске аламыз.

Иә, аттестатпен ауылда қалған түлектер арасындағы алғашқы отау шаңырағын Абылай мен Роза көтерді. Мектептен басталған мөлдір махаббат бір біріне деген құрметке, сенімге ұласты. Мектеп бітіргендеріне үш жыл толғаннан кейін, яғни 1977 жылы 1 қазанда сыныптастардың алғашқы жұбы бас қосты. Діттеген мақсаттарына қол жеткізген Жәкеновтер әулеті құда-құдағиы Жұманазар мен Сұлтанкүлді құрақ ұшып, құрметтеді. Бір айдан кейін тап осындай той Құлтаевтар әулетінде өтті. Сыныптастар Баянбай мен Гүлжанның құрған шаңырақтарының биік, керегелерінің кең болуын тілеп жатты. Келесі жылы Алмас пен Нақып, ал 1979 жылы Әлібек пен Бисен, Сераш пен Гүлімжан, араға төрт жыл салып Балтабай мен Сәрсен, ал 1984 жылы Әлмұрат пен Әтіркүл, Сақтаған мен Серіккүл бас құрады. Сонау жылы тілеген тілектердің қабыл болғаны болар, қазір олардың әрқайсысы салиқалы отбасының иелері, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немере сүйіп, ата-әже атанған жандар. Олардың арасында 6 баланың анасы болған екі «Күміс алқа» иегері де бар, өзге отбасында үш-бестен бала, үш-сегізден немере өсіп келеді. Әрине, кезінде өндірістік комсомол жастар бригадасының мүшелері болған олар қазір сан мамандық иелері. Олардың арасында мұғалім мен инженер де, су жүйесі мен орман шаруашылығының, жер қатынастары бөлімі мен ауыл әкімшілігінің маманы да бар. Елдің тамсанып айтып жүргеніндей, мектеп бітіргендеріне 40 жыл толса да, олардың ауызбіршілігі мен татулығы сонау жетпісінші жылдардағыдай. Қай отбасында қандай жағдай болады, бірлесіп көтеріп кетеді. Қуаныш та қайғы да ортақ, бәрі бірдей жұмылады. Өйткені, олардың бәрі сонау мектеп қабырғасынан бері бірін-бірі демеуге, бір-біріне көмек беруге дайын тұратын-ды. Қазір сол алғаусыз көңіл туыстық, бауырлық сезімге ұласқан. Өздерінің, балалары мен немерелерінің туған күндері атаусыз өтпейді. Әсіресе қыздарға бас қосуға сылтау жетерлік, келіннің қолынан шай ішу, қызға берілер дүниені көрсету, құдалыққа апарылатын тоғызды түгендеу, бесікке салу, тұсау кесу, тіпті алынған жаңа жиһазды жуу себептерімен бас қосып, әңгіме тиегін ағытады. Олардың ауызбірлігі жайында аңызға бергісіз әңгіме көрші ауылдарға дейін тарап кеткен.

Өмір болған соң оның қуанышы мен қайғысы да қатар жүретіні анық. Алмастың жұбайы Нақып үйленгендеріне екі айға жетер жетпес уақытта өмірден озды. Әрине, бұл барлығына да оңай тиген жоқ. Тірі адам қашан да тірлігін жасайды. Араға екі-үш жыл салып Алмас Әшіркүлмен бас қосты. Қазір Нақыптың әке-шешесі Қаппар мен Айнагүл Әшіркүлге екінші ата-ана болып отыр. Әшіркүлдің де олар десе шығарға жаны бөлек, туған ата-анасынан бұрын солардың жағдайын көбірек ойлап тұрады. Алмастың төрт баласы мен үш немересі Қаппар әулетін нағашы тұтып, әрдайым ата-әжесінің көңілінен шығуға ұмтылады.



Иә, уақыт деген неткен жүйрік, бір кездегі бір-біріне ұрлана қараған бозбала мен бойжеткен бүгінде бір ауылдың бетке ұстар азаматы мен салиқалы бәйбішесі. Сырт көзге елуді еңсеріп, алпысқа аяқ артқан атпал азамат, ақ жаулықты ана болып көрінсе де, өз орталарында сол баяғы бұла бойжеткен мен жасөспірім жігіт. Әрқайсысының әр қыры бар. Мәселен, Роза мен Абылай қай жағдайда да түсіністікпен қарайды, берген уәделерінде тұрады. Баянбай мен Алмас қашан да ұйымдастырушы, бәріне басшылық жасап жүреді. Он жылдай ауыл клубын басқарған Серіккүл ортаның асабасы, оны кейде жары Сақтаған ғана ауыстырады. Қай істің де көзін табатын Бисен мен Гүлжанның, Сераш пен Әлібектің орны бір бөлек. Тұстастары Сәрсен мен Әтіркүлді және Гүлімжанды ұстаз ретінде ақылшы тұтады.

Кешелі-бүгін жігіттер ұрлана бас қосты. Өйткені, көгілдір көктеммен ілесе келетін әйелдер мерекесі есік қағып тұр. Соны қалай өткізу жоспарын жасамақ. Биыл әрі сыныптас, әрі өмірлік қосақтарына ерекше тарту әзірлемекші. Әзірге құпия. Қалай болғанда да, оның қыздарға қуаныш сыйлайтыны ақиқат.

***Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.***
Маханбетов ауылы.

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Ойпырмай, ойлы жанар
қарашығы-ай,
Ақ маңдайға тұруын жарасып-ай.
Қаршықтан халқымның
көзі қарап.
Шашқандай өң-бойынан
дала шырай.

Сөзінен суырылып ақыл, білім,
Қашқандай кеудендегі
қапыл мұңың.
Көргенімді көркемдеп
сөйлей алсаң,
Мен саған қарыздармын,
ақындығым!

Тініне өрген өрнек гүлден шынар,
Жаннан жалқы өзі екен,
түрден сынар.
Жалт етіп бір-ақ рет қарағаны,
Жүз жігіттің түсіне кірген шығар.

Тағдырдан сыйың болса
қалап алған,
Кеудеңде мұнан өткен бола ма
арман.
Жүргенде жел үстімен
қалқып барып,
Ақ мақта алақанға қона қалған.

Екі беті алмадай тұрып піскен,
Күлкісі гауһар тастай
сынып түскен.
Таппайсың тал бойынан
қылаудай мін,
Еріксіз айырады ырық-күштен.

Бекзаттық бояуына бойы қанық,
Орныға қалар көркі ойыңа нық.
Жүрегіммен көрер ем осы аруды,
Қос көзімді тастаса ойып алып.

Қылығы сіңіреді жаныңа нәр,
Бұрымы белдік сынды тағып алар,
Осындай перизатқа жолықпаған,
Пәндәуи тіршілігім адыра қал.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**



# "ӘДЕМІЛІК БІЗГЕ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ..."

## немесе жылына бір келетін әсемдік мерекесі төңірегіндегі әңгіме

Бүгінгідей ақпарат дәуірінде қандай да бір қоғамдық пікір көзден таса қалмайды. Соңғы уақытта "8 наурызды атап өту керек пе?" деген пікірталастар әлеуметтік желілердің шаңын аспанға шығарып жатыр. Кейбір пікірлер "... әйелдердің теңсіздігін сұраған күн, теңдестірді ал, не болды? Кім не ұтты?" деген сарында болса, енді біреулері "... аналарды жаппай құттықтау күнін көпсінбейікші" деп араша түсіп жатыр.

Сегізінші наурыздың тарихына бойлағандар 1857 жылы 8 наурызда Нью-Йоркта өткен тоқымашылар маршын негізге алады. Төмен жалақы мен қолайсыз еңбек жағдайына шағымданған әйелдер шеруі "бос кастрюльдер маршы" деген атауға ие болған. Кейін 1910 жылы неміс революционері Клара Цеткин Копенгагенде әйелдердің проблемалары мен құқықтарына қоғам назарын аударуды, 8 наурызды әйелдер күні деп белгілеуді ұсынады. Кәрі құрлықтың кей елдерінде әйелдердің халықаралық мерекесі 1911 жылдан атап өтіле бастады.

Ал 1917 жылдың 23 ақпанында соғыс пен аштықтан қажыған әйелдер Петроград көшелеріне шықты. Әйелдерге Путилов зауытының жұмысшылары қосылып, қарулы қақтығыс орын алды. Ақырында әскер шерушілер жағына өтіп, монархияның күлі көкке ұшты. Кеңес дәуірінде 1965 жылдан бастап 8 наурыз демалыс күні деп жарияланды да, шерулер банкеттерге, ұран жазылған плакаттар гүлге алмасты. Ал 1970 жылы БҰҰ 8 наурызды Халықаралық әйелдер күні деп ресми бекітті.




Одақ тараған соң, Грузия мен Балтық жағалауы елдерінде бұл мереке аталмайтын болды. Өзбекстанда "Аналар күні" деп атауы өзгерді, бауырлас Әзірбайжан елі 7 сәуірді "Аналар мен әдемілік күні" деп белгіледі.

Біздің елімізде де әйелдер күнінің әу бастағы саяси сипатынан ештеңе қалған жоқ. Клара Цеткин де ұмытылды.



Қазақстандықтар 8 наурызды әдемілік пен көктем мерекесі ретінде атап өтіп, аналар мен қыз-келіншектерді құттықтауға, оларға әдеттегіден артығырақ көңіл аударуға асығады.

Статистиканы сөйлетсек, еліміз халқының 51,75 пайызын әйелдер құрайды. Мұқағали ақынның "Әйелдерді еркектерден көп дейді..." дейтін өлеңі өмірден алынған ғой, әрбір 1000 еркекке 1073 әйелден келеді екен. "Әйелдердің әйелі жоқ қой" деген әзілдің астарында шындық бар болғаны шығар, нәзік жандылар ер азаматтарға қарағанда орта есеппен 9,5 жас артық өмір сүреді. Олардың 52 пайызы тұрмысқа шыққан, 28 пайызы ешқашан некеге тұрмаған. Бір деректерде қыз-келіншектер косметикаға жылына 43 млрд. теңге жұмсайды делінген. Енді "әдемілік құрбандықты талап ететіні" де рас қой.

Сол статистикада жұмысбасты әйелдер күніне 4 сағатын, яғни, бар уақытының 17 пайызын үй шаруасына жұмсаса, ерлер бар болғаны күнделікті уақытының 7,7 пайызын ғана үйге арнайтыны да жазылған. Сөйте тұра әйелдердің жалақысы ерлерге қарағанда бірталай аз екені де келтіріпті. Қанша пайыз екенін көрсетсем, әдемілік мерекесінің саяси бояуы қалыңдап кетер.

Ал мақаланың басындағы "Әйелдер мерекесін атап өту керек пе?" деген пікірталасқа келсек, жылына бір рет келетін әсемдік күнін, аналар мерекесін жатсынбайықшы.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

● КӘСІП

# ТЕМІР АТ ТІЗГІНДЕГЕН АРУ

Қазірде темір тұлпарды тізгіндеп жүрген қыз-келіншектер көп-ақ. Бірақ, такси жүргізуші болып жүрген нәзікжандыларды сирек кездестіреміз. Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын такси қызметін көрсететін әйелді көргенімде таңқалғаным бар. Міне, сол уақыттан бері олардың қатары артып келеді.

Бүгінде қай салада болмасын қыз-келіншектердің қол жеткізген табыстары толағай. Заманына қарай олар да ерлерден кем түспейтін қызмет түрлерін атқарып келеді. Темірден түйін түйген дәнекерлеуші қыздар да, жылқы баққан арулар да, құқық қорғау саласында жүрген әйелдер де бар. Ал, қоғамда соңғы кезде «таксист әйел» деген ұғым пайда болды. Біздің елде бұл қызмет түрінің енгеніне он жылдың шамасы болғанымен, оның тарихы Мексикада ширек ғасыр бұрын басталған деседі. Қызыл түсті көлікке отырған әйелдер бұл елде көпшілікті тасымалдаумен айналысса, одан кейінгі жылдары өзге де мемлекеттерде такси қызметін көрсететін нәзікжандылар пайда болды. Англия, Үндістанда бұл қызмет түрі барынша дамыған. Тіпті балаларының қауіпсіздігіне аландаған аналар, тек қана әйелдер қызмет жасайтын таксилерге тапсырыс беретін көрінеді.

Қызылорда қаласында темір тұлпарымен жұртшылыққа қызмет көрсетіп жүрген қыз-келіншектерді жиі кездестіруге болады. Солардың бірі жеті жасынан бастап көлік жүргізуді үйренген Айдана Әділқызы. Мұнай саласы бойынша жоғары білім алған бойжеткен, бұл қызметке қызығушылықтан гөрі қажеттіліктен келгенін айтады. Ол «Делюкс» деп аталатын арнайы такси қызметін көрсететін мекемеде жұмыс жасайтын ең жас жүргізуші қыз. Мұнан өзге бұл мекемеде алты әйел барын айта кетейік. Арулардың төл мерекесі қарсаңында осы мекемедегі диспетчердің қыздың көмегі арқылы әдейілеп, жүргізушісі әйел таксиге тапсырыс бердік. Ойымыз баратын жерімізге дейін әңгіме тиегін ағыту еді.

–Айдана, келе жатқан мерекеңіз құтты болсын! Такси жүргізушісі болған қиын емес пе? Әсіресе, қыз бала үшін оның қауіптілігі жоғары ғой.

–Рахмет, Жоқ, менінше, ешқандай ауырлығы жоқ. Әрине, қауіпті тұстары да бар. Алайда, өзім көлікті жеті-




сегіз жасымнан бастап үйренгендіктен, қазір темір тұлпарды ерлерден кем жүргізбеймін.

–Кім үйретті?

–Әкем үйретті. Өкінішке орай ол кісінің өмірден озғанына биыл сегіз жыл болып қалды. Әкем мұнайшы болатын. Бүгін осы көлік жүргізе білуімнің арқасында өзімнен кейінгі бауырларымды асырап келемін. Анам базарда тұрады. Жұмыс жоқ. Мен де әкемнің жолын қуып, мұнайшы болуды армандадым. Тіпті осы сала бойынша алған жоғары білімім де бар. Бірақ, мамандығым бойынша жұмысқа орналасу мүмкін болмай тұр. Әзірге осы кәсіп арқылы нан тауып жүрген жайым бар.

–Ең бірінші қандай машина жүргіздіңіз? Қазіргі көлікті кім алып берді?

–Мен «Волганы» жүргізгем. Кезінде сол көлікпен де такси болдым. Мына темір тұлпарды несиеге алдым.

–Жол-ережесін бұзған кездеріңіз болды ма?

–Бастапқыда болды. Қазір жақсы жүргіземін.

–Таңғы сегізден, кешкі сегізде дейін көліктің рөлінде отыру оңай емес. Оның үстіне түрлі мінез-құлықты жолаушылармен кезігесіз. Олармен қалай тіл табысасыз? Есте қаларлықтай қызықты оқиғалар болды ма?

–Иә, бізге түрлі мінезді жолаушы мінеді. Кейде масаң күйде мінетін адамдар болады, амал жоқ солардың «тілімен» сөйлесуге тура келеді. Көпшілікпен араласу арқылы психолог болады екенсің. Үндемей отырғаннан, әңгіме айтып барсаң жолаушы да баратын жеріне қалай тез жеткенін білмей қалады. Ал, тұрақты мінетін жолаушылар өзіміздің жақын туысымыздай болып кеткен. Қызықты оқиғалар болып тұрады. Мәселен, өткенде бір жолаушы дүкеннен заттар алған. Мен де оның заттарын салысып болып, жүре бергенім сол еді. Артыма қарасам, жаңағы жолаушым көлікте жоқ. Сөйтсем, асыққаным соншалық затты салып, адамды ұмытып кетіппін.

–Біздің білуімізше, мұндай компанияда жұмыс жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Себебі, тәртіп қатал. Диспетчердің айтқанына бағынып, жолаушыны діттеген жеріне уақытылы жеткізіп, әрі оның қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

–Дұрыс айтасыз, ең бірінші қойылатын талап та сол. Өйткені адам өмірі, оның қауіпсіздігі бірінші орында тұрады. Біз күндізгі және түнгі ауысыммен кезектесіп жұмыс жасаймыз. Кейде түнгі ауысымға шығамын. Мереке күндері тапсырыс тым көп түседі. Күніне 10-15 шақырту болады. Сондай кездері үздіксіз қызмет атқарамыз. Ал, жай күндері біз өз ыңғайымызға қарай жұмыс істейміз. Жеке шаруалар шығып қалса, сұранамыз.

– «Қыз мұраты– кету» деген сөз бар ғой. Тұрмыс құру жайлы ойланбайсыз ба?

–Бұйыртса, көрерміз. Құдай қаласа, болар. Анамның да тілегі сол.

–Мерекеде жұмыста боласыз ба?

–Иә, әрине, осындай мереке күндерін пайдаланып қалу керек. Тапсырыс көп түседі.

Міне, біз де діттеген жерімізге келіп қалдық. Небәрі он бес минут ішінде Айдана жайлы біраз мағлұмат алдық. Жол үстінде менің қойған сұрақтарыма жауап бере отырып, телефон желісінде отырған диспетчер қыздың да берген келесі тапсырысын қабылдап үлгерді. Қаланың барлық көшесін, ондағы мекемелерді, үйлерді жылдам тауып бару үшін географиялық картаның көмегіне жүгінеді екен. Кезекті шақыртуға асығып кеткен бойжеткеннің тындырымды тірлігіне іштей риза болдық.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**

Суретті түсірген: **Болат ОМАРӘЛИЕВ.**




# Он үш қыз



Он үш қыз... Біздің Сырдария ауданы Шіркейлі аулында жастары алпыстың ішін еркін аралап кеткен апаларымызды осылай атайды. Қазір зейнеткер атанып, немере бағып отырған "он үш қыз" мектеп бітіргендеріне жарты ғасырға жуықтап қалса да, іргелері ажырамаған. Бір-бірінің қуанышы мен қызығында тік тұрып қызмет етеді. Әнін шырқап, айналасына шуағын шашқан аналардың жүрген жері береке мен думанға толы.

Олар 1967 жылы мектеп бітірген соң, өздері туып-өскен Шіркейліде еңбек жолдарын бастады. Бірі сауыншы, екіншісі күрішші, тағы бірі мұғалім, енді бірі есепші болып, әр саладан орындарын тапты. Бір-бір шаңырақтың отын жағып, ұрпағын өрбітті. Он үш қыздың уақыт сынына төтеп берген бірлігіне, үзілмеген сыйластығына жұрттың бәрі қызыға қарайды. Осынша жарасымдылықтың сырын білгісі келеді. Мен де "13 қыздың" тарихын білмек болып, ұзақ жылдар бойы экономист-есепші қызметін атқарған, бүгінде зейнет демалысындағы Гүлжауһар Есенкожаевадан сұрадым.

– Өзің білесің, еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары халықтың тұрмысы тым төмендеп кетті. Жұрттың көңілі әлденеге алаң. Ауылда жарық жоқ. Күрішті көктемде егіп, күзде жинап алған соң, азаматтардың басым бөлігі жұмыссыз. Күйкі тіршіліктің қамыты арқаларына батқан ағайын қиналып жүргенін білдіргісі келмейді.

Сондай шақта өзіммен бірге оқыған қыздардың үйлерін аралап шықтым. Бұл 1997 жыл еді. "Басымызды қосып, бірлігімізді танытайық. Бірге оқыған қыздардың достығы қандай болатынын кейінгілерге үлгі етейік. Бір кезде еңбекте озат болған, ауылдың мақтанышына айналған бойжеткендер едік" дедім. Қыздар келісті. Он үш қыздың құрамына екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, атақты күрішші Бексұлу Синаева, ақ маржан өсірген арулар Төлебике Жұманазарова, Құндызай Әлайдарова, сауыншылар Ханымкүл Айдарова, Шолпан Алдашова, Дәмегүл Кенжебекова, Тұрғанай Пахранова, Алтын Мәмбетова, Шынар Қошақанова, мұғалім Гауһар Беркенова, Батыр ана Гүлбаршын Қоразова, есепші Нәбия Дұрова енді.

Міне, содан бері де 20 жылға жуықтап қалыпты, арамыз ажыраған емес. Шүкір, қазір елдің тұрмысы түзелді. Балаларымыз бір-бір шаңырақ болып, еншісін алып жатыр. Немерелердің алды аяқтанып, шөбере сүйіп отырғанымыз да бар. Қолымызда ажалға араша түсетін құдырет болмаған соң не шара, Тұрғанай мен Құндызайдан айырылып қалдық. Бірақ "он үш қыз" деген атымыз өзгеріссіз қалды. Мен мектепті бітірген соң бір-бірін танымай, тіпті аман-саулық сұрауға жарамайтындарды көргенде қайран қаламын. Балалық шақтан бірге өскен құрбылардың арасындағы сыйластық өмір бақи сақталса қандай жақсы.

Өмір болған соң, қуанышы мен қайғысы алма кезек келіп жатады емес пе? Гүлжауһар апа айтса айтқандай, он үш қыздың қандай жағдайда болсын, бір-бірінің қасынан табылатынын көріп жүрміз. Әрине, қызығамыз. Ауызбірлік пен ынтымақтың, сыйластықтың бәрінен де жоғары екенін дәлелдеп жүргендеріне риза боламыз.

Қазір он үш қыз ауылда өтетін мәдени шаралардан шет қалмайды. Мәдениет үйінің басшысы Нұржамал Жүзбаева бірлігі жарасқан құрбылардың жарастығын жастарға үлгі ету үшін оларды сахнада өнер көрсетуге дайындайды. Бүгінде "Ақ дариға" әжелер ансамблінің құрамына енген өнерпаздар "Қарттардың да өнерге бар таласы", "Әлдилейді әжелер" атты байқаулардан жүлделі оралып жүр. Олар өздеріне сабақ берген ардагер-ұстаз Әнуар Әбенов 80 жасқа толғанда мерейтойға арнап концерт ұйымдастырып, кейінгі толқынға ұстаз сыйлаудың, үлкенді құрметтеудің өнегесін көрсетті.

Наурыз туғалы құрбылар бірбірін мерекемен құттықтап, әйелдер күнінде, одан әрі Ұлыстың ұлы күнінде өтетін басқосулардың ретін пысықтап жатыр. Біз осы апаларға қарап, сыйластыққа ештеңе жетпейтінін ұғына түсеміз.

**Раушан ӘБДІРАМАНОВА,**
**№129 мектеп мұғалімі.**
Сырдария ауданы,
Шіркейлі ауылы.

ҚАРТТАРЫМ – ҚАЗЫНАМ

# ӨМІР ӨТКЕЛЕКТЕРІНЕН СҮРІНБЕГЕН

**Облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен жаңа жыл қарсаңында бір топ тыл және еңбек ардагерлерінің отбасында болудың сәті түсті. Сол абзал жандардың бірі – 91 жастағы еңбек ардагері Ғазима Фатихқызы Байдосова. Осы жасында талай өмір өткелдерінен сүрінбей өткен ғазиз жанның ғұмыры өнегеге толы екен.**

Тағдыр айдаса пенде қайда бармайды. Уфа қаласында тұратын он алты жасар татар қызы Ғазима отызыншы жылдардың соңында Орал вагон зауытында еңбек етеді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда бұл зауыт қайта жасақталып, әскери құпия орынға айналады. Ғазима майданға қару дайындайтын осы зауытта уақытпен санаспай еңбек етті. Содан соң соғыста зардап шеккен Украинаға екі жыл мерзімге келісім-шартпен барып, ондағы қайта қалпына келтіру жұмыстарына қатысты.

– Несін жасырайын, «бос қалған үйлерде тұрасыңдар, бауырларыңды қастарыңа алуға болады» деген соң бардым, – деп еске алады кейуана. – Алданғанымызды барған соң бір-ақ білдік. Қысы суық, ызғарлы, күз-көктемі жаңбырлы жермен жексен болған қала орнында вагонда тұрдық. Тізеден су кешіп жүріп, бел жазбай тапсырылған жұмысты уақытылы орындауға тырысамыз, өлер қонаға ішке келіп, киіз байпағымызды шешкенде ішінен лай су сарылдап төгілетін. Онсыз да жылуы мардымсыз пешке шұлғауымызбен қаз қатар тізіп қоятынбыз. Таң қараңғысынан қайта жұмысқа жегілетін ек. Ішер тамағымыз, өлместің асы әйтеуір.

Келісім-шарт мерзімі аяқталған соң Ғазима қазақ жерінде молшылық дегенді естіп, Қазақстанға келеді. Шындығында қазақ даласы өмір сүруге қолайлы екен. Алматы облысының Қызылту ауылына тұрақтаған бойжеткен туған жерінен ініcінлісін алдырады. Сөйтіп жүріп қазақ жігіті Құрманбек Байдосовпен бас қосады. Бұл тек айтуға ғана. Әйтпесе Ғазиманы өзіне келіндікке таңдаған Құрманбектің бірге туған апасы Уәзипа еді. Өмір көрген ол талай қиындықты басынан өткерген, қимылы ширақ, тазайын Ғазиманы қызметкер інісіне тең көріп, екеуінің бас қосуына себепкер болады.

Сөл шегініс жасасақ, Құрманбектің әкесі әскери қызметте болған Ісkендір кезіде князь тұқымы, атаман Дутовка қарсы ұйымдастырылған операцияда ерекше көзге түсіп, тарихта аты қалған Қасымхан Шадияровтың (негізі Шанышов) қарындасы – Махибпен көңіл жарастырады. Князь әулеті өздерінің мәпелеп өсірген қыздарын қайдағы бір қазаққа беруге арланып, оны андуда ұстайды. Махаббат деген сезім қай кезде де өз дегенін істетеді емес пе, Махиб ақыры Ісkендірмен қашып кетеді. Алайда, Құрманбектің екі жасында әкесі Ісkендір қайтыс болады да көзі ашық, көкірегі ояу Махиб баласын бес жыл Қазандағы медреседе оқытады. Көз жанарынан ерте айырылған Махиб баласының 12 жасында өмірден өтеді. Еті тірі, рабфакты бітірген Құрманбекті кеңес үкіметін нығайтуға атсалысқан Ораз Жандосов өз қамқорлығына алады. Алматыдағы қамыс зауытының директоры болған, мыс-кен байыту зауытында басшы қызметте жұмыс істеген Құрманбек Байдосовты көпшілік ерекше батылдығы үшін құрмет тұтады. Ашаршылық жылдары Қазақстанның сол кездегі бірінші басшысы Голощекинге тайсалмай кіріп, аштықтан бұратылған халық үшін астық жаздырып алған. Сөйтіп талай жанның аман қалуына өз септігін тигізген екен. Сонымен басшы қызметте болған



соң зауытқа келген комиссия мүшелері де, тексерушілер де, басшылар да ат басын көп ретте Құрманбектің отбасына бұрған көрінеді. Өйткені, оның жары Ғазима әрдайым келген қонақты жылы шыраймен қабылдап, олардың барлық жағдайын жасап отырған.

– Жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» кітабының желісі біздің әкеміздің айтқан әңгімесінен өрбіген көрінеді, оны беріде білдік,– деп еске алады Ғазиманың қызы Нафиса.– Бірде теледидардан Мұрат Әуезовті көріп отырып, апам «мынау әкесінен айнымай қалыпты» деді. Содан кейін барып әңгіме тиегін ағытты. Сөйтсек, ұлы жазушы өзінің орыс әйелімен бірге біздің отбасында жиі болып тұрған екен.

Өмір жолы тақтайдай тегіс емес, оның бұралаң-бұлтарысы, ойы мен қыры болатыны ақиқат. Тұқым қуалағаны болар, бертін келе Құрманбек те екі көзінен айырылды, сөйтіп отбасының негізгі ауыртпалығы жары Ғазиманың басына түсті. Құрманбектің апасы Уәзипаның ұлы Батай Ырысов қызмет бабымен Қызылордаға ауысады. Сонда ол көзі көрмей отырып қалған нағашысын отбасымен бірге ала келіп, №11 разъезге орналастырады. Құрманбек ересек болып қалған балаларын ертіп, балық аулайтын, отын жинайтын, шөп дайындайтын. Шағын егістік алқапты баптап, картоп, сәбіз, жуа, бақша өнімдерін егетін. Өздерінен артылған өнімдерді базарға шығаратын. Әрине, оның қасында қашанда жары жүретін-ді. Бұған қоса өзі де бейнеткеш, ерінуді білмейтін Ғазима үй жанында 500-600-дей тауық ұстап, 10-15 ешкі бақты. Базарға жұмыртқа, сүт, қатық сатты. Он саусағынан өнері тамған Ғазима біреудің киімін жөндеп берді, енді біреудің киізін басып, көрпе-көрпешесін көктеп берді. Сөйтіп жүріп өз балаларын жетілдірді. Үлкен ұлы Марат Ақтөбеде темір жол саласында ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, зейнетке шықты, қазір әйелі Сәулемен бірге төрт баласын тәрбиелеп, немере сүйіп отыр. Екінші ұлы Ермұрат Шымкент қаласында тұрады, келіні Сара енесіне төрт немере сыйлады. Ғазима ана екі ұлынан төрт шөбере сүйді. Ал қызы Нафиса мен күйеу баласы Мұхтар аналарының қас-қабағына қарап, баладай мәпелеп отыр. Олардың қыздары, Қорқыт ата университетінің студенті Ақбота әжесінің көзі мен құлағы десе болғандай. Ол әжесінің бар өтінішін орындауға пейіл. Өз анасы кезінде Ғазима әжесінің өздері үшін қалай еңбектенгенін, өздерін адалдыққа, тазалыққа қалай баулығанын тамсана айтып отырады. Басқасын былай қойғанда, жастайынан бейнетсіз-нен кешкен Ғазима Фатихқызы осы кезге дейін зейнетақы алмапты. Балалары зейнетақы алуға құжат дайындайын десе, аналары сонау соғыс жылдары өзі жұмыс істеген құпия зауыт туралы жақ ашпайтын көрінеді. Кеңес үкіметі келмеске кетсе де, айтатыны: «сол кезде мен екі жерге қол қойдым, ол туралы айтсам, сендерге кесірім тиеді». Міне, адалдық, берген уәдеге беріктік деген осы. Қарапайым ғана қазақ әйелі қанша қиналса да, өмірінің соңына дейін өзінің осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын берген уәдесінде тұрды. Кейде кей басшылардың, атпал азаматтардың, халық қалаулысы болған кей жандардың бүкіл ел алдында кеше берген уәдесінен бүгін тайқып кеткенін көріп, қарның ашады. Олардың қасында Ғазима ананың шоқтығы қашанда биік қалпымен қалары хақ.

***Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.***
Қызылорда қаласы.

● ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

# КІНДІК ШЕШЕ

Өмір есігін енді ашқан нәрестені көп болып күтіп алу, оның кіндігін кесу – мәртебелі де абыройлы іс. Көргені мен түйгені, өмірлік тәжірибесі мол, аяғы ауыр аналарды босандыруға әбден машықтанған әжелердің қолдауымен ауыл әйелдері толғағы басталған екіқабат ананы босандыруға алдын ала дайындалады. Ғасырлар бойы аттың жалы, түйенің қомында көшпенді күй кешкен қазақ халқы ұрпағын жаз жайлауда, қыс қыстауда, ортасына от жағылған киіз үйде дүниеге әкелген. Әріге бармай-ақ өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңы мен сексенінші жылдарының бас кезінде ауыл әйелдері өз үйлерінде босанған. Екіқабат әйелдің толғағы басталысымен қолы жеңіл, тәжірибелі үлкен кісілер шақырылады, оған қоса көршілес төрт-бес әйел келіп, дайындық жұмыстары басталатын. Бірі су ысытып жатса, екіншісі арнайы орын дайындайды. От жағылып, арқан керіледі. Үйдегі бала-шаға, екіқабат әйелдің күйеуі мен атасы, қайнаға-қайнылары бәрі басқа жайға жіберіліп, босандыру саты-сатысымен атқарылады. Сәбидің кіндігін кім кесетіні алдын ала белгіленеді. Болашақ кіндік шешенің басты атқаратын міндеті: босанатын әйелдің жанында болып, аман-есен босануын тілеу, оның денесін сипап, ойын бөлетін әңгімеге айналдыру, толғағы басталған сәтте өзін қалай ұстау қажеттігін айтып, ақыл-кеңес беру. Сөйтіп нәресте дүниеге келгенде алдын ала дайындалған кіндік шеше оның кіндігін өткір қайшымен немесе күміс сапты шағын айбалтамен кесіп, сәби денесіне қалатын бөлігін байлап тастайды. Жаңа туған баланы жерден көтеріп алып, жөргегімен анасына, атаенесіне, күйеуіне көрсетіп, шаңырақты қуанышқа бөлеген кіндік шеше сәби қырқынан шыққанша, оған қатысты жол-жоралғылардың барлығын іске асырады. Яғни шілдехана өткізу, азан шақыртып, ат қою, бесікке салу, қарын шашын алдырту, киімін дайындау секілді тірліктердің бәріне атсалысады. Қазақ дәстүрінде кіндік шеше мен кіндік әжеге ат мінгізіп, шапан жауып, көйлек кигізген.



Баланың кіндігі түскеннен кейін де жасалатын ырымдар жетерлік. «Елдің қорғаны болсын» деп ер баланың кіндігін атшаптырым жерге апарып көмеді, «отбасының тірегі болсын» деп қыз баланың кіндігін от орнына не табалдырыққа көмеді. Қазақта «балам оқымысты болсын» деп баланың түскен кіндігін кітаптың арасына сақтап қоятын, «ат құлағында ойнаған шабандоз болсын» деп кіндігін аттың жалына байлайтын да ырым болған.

– Ең алғаш рет жүкті абысынымызды босандырып алуға көмекші ретінде қатыстым,– деп еске алады амангелділік Батыр ана Айжамал Бодыққызы. – От жағып, су дайындап, тамақ қамымен жүгіріп жүрміз. Тәтті апам, Үлкен шешей мен Балдай абысын екіқабат абысынның қасында. Солар босандырып алды. Өзім екі-үш балаға ана болғаннан кейін барып, сол топ құрамына кірдім. Ең алғаш Үлкен атамның немересінің кіндігін кестім. Қасымда екі-үш үлкен кісі болды. Олар бала кіндігін қалай кесіп, оны жөргекке қалай орау керектігін айтып отырды. Кейін машықтанып алып, өзім өзгелерге ақыл үйрететін болдым.

Айжамал әже өзінің осы өмірінде он бір балаға кіндік шеше болғаны жайында әңгіме өрбітті. Ең бірінші кіндігін кескен Серік, оның ата-анасы Әбсалан аға мен Ырзан жеңеше әрдайым әжейдің алдында құрақ ұшып тұрады. Балаларының мінезі кіндік шешесіне тартқанын, өздерінің кіндік шеше таңдауда жолдары болғанын үнемі айтатын-ды. Өзі Салжігіт, Төрем, Дәуселбай, Жиен бала деп атайтын қайныларының кіндігін кескен ұлы-қыздары Наурызбай, Нышанкүл, Базарбай мен Алмастың өзіне ұқсайтын мінездерін, кей қылықтарын айтып, күліп отырады. Нышанкүлдің шешесі Сара қызының әр кезде тек шынын айтып отыратыны, біреуге жақсылық жасауға бейім тұратыны, қай істі де сабырмен шешетіні абысынынан айнымай қалғанын алға тартады. Ал Наурызбайдың анасы Тынымкүл мен Базарбайдың шешесі Ұлтай болса, балаларының бір қағары мен шыншылдығы кіндік шешесіне тартқанын айтады. Шындығында да дүниенің есігін енді ашқан нәрестенің кіндігін кім кессе , бала мінез-құлқы жағынан соған тартады деген ұғым бар. Себебі, баланың денесіне алғаш кіндік шешенің қолы тиеді, жерден көтеріп алатын да, оны жөргекке орайтын да, шілде суына шомылдыратын да – сол. Кіндік шеше бойындағы кей қасиеттер биоөріс арқылы белгілі мөлшерде балаға беріледі, нәресте де оны бірден қабылдайды.

Кеңестік кезеңдегі жетпіс жылда өмірге келген талай ұрпақ өздерінің кіндік шешесінің кім екенін білмеді. Перзентханалдарда негізінен өзге ұлт өкілдері жұмыс істеді, кіндікті кім көрінген кесті және ол кез келген жерге тасталынды. Содан да болар қазіргі қазақтың мінез-құлқында өзгеріс, психологиясында ауытқушылық байқалады. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді халық даналығы, олай болса, перзентханалардағы кіндік шешелерді ұлттық болмысқа беймдеу, тәрбиелеу, бала болашағына жауапкершілікпен қарау қажеттігі туындайды.

**Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.**

● БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

**Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлімді тәрбие мен сапалы білім беру маңызды міндет екені баршаға мәлім. Осы орайда мектеп мұғалімдерінің атқарып жатқан жұмыстары ұшан-теңіз. Нарық заманында білім алудың ауадай қажеттігін оқушылар да жыл өткен сайын жан-жақты, терең, жете түсініп келеді. Аудан орталығы Жалағаш кентіндегі №31 орта мектеп шәкірттерге талапқа сай білім беру ісін жетілдіріп, абырой-бедел иеленген ұжымдардың бірі. Жыл сайын ҰБТ тапсыруда көңілге зор сенім ұялатып, ел алғысын арқалап, алдыңғы қатардан көрінеді. Алтын ұя білім ошағы негізінен оқушыларға орыс тілінде дәріс беретін жалғыз мектеп. Кейінгі жылдары мектеп ұжымы жаңа ғимаратқа көшіп, қиын да құрметті жұмыстарында сапаға жетуді бік мақсат тұтқан. Осы бағытта аянбай тер төгіп келеді.**




# МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МҰҒАЛІМ

Мектеп директоры Айнұр Сәнібекқызы Мыханова жүзеге асырылып жатқан игі шаралардан хабардар етті. Елбасының биылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында айтылғандай, білім беру сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану басты міндет етіп қойылған. Пән кабинеттерінің пәрменділігін арттыру, тереңдетіп оқыту, оқушылардың ынта-ықыласы мен қызығушылығын оята білуге тырысқан ұжым биыл да жақсы нәтижелер көрсетуге ұмтылуда. Сонымен қатар, мекеме басшысы үздік ұстаздар есімдерін де атап өтті. Өз кәсібіне шын берілген, шәкірттеріне күнделікті сабағын бар жан-тәнімен түсіндіріп, оқушылар сүйіспеншілігіне бөленген мұғалімдер аз емес екен. Солардың ішінде әсіресе шоқтығы биік, 20 жылдан астам еңбек өтілімен ұжым мүшелері арасында сыйлы, мерейі үстем, математика пәнінің мұғалімі Гүлнара Тұрсынбайқызы Тәшенованың ерекше мақтауға тұрарлық жан екенін байқадық. Қай кезде де сабырлы да салмақты мінезімен, дәрістерінің тартымдылығымен, табандылығы мен тиянақтылығы арқасында елеулі табыстарға қол жеткізіп келе жатқаны баршаға үлгі-өнеге. Мысалға айтар болсақ, өткен жылы ҰБТ-дан Аққенже Мәдібекова және Сейіл Қожатаев сынды шәкірттері 21 балдан жинап, жоғары нәтиже көрсетті. Ал, 2011-2012 оқу жылдарында аудандық пән олимпиадасында бірнеше шәкірттері жүлделі орындарды иеленді. Мысалға, 11 сынып оқушысы Абай Тұрмағамбет екінші орынды, 2012-2013 оқу жылында 8 «б» сынып оқушысы Жайна Жақсылық үшінші жүлделі орынды иеленсе, биылғы оқу жылында да жүлде алған оқушылары жеткілікті.

Білікті де ізденімпаз, шәкірттер жүрегіне шуақ сепкен ұстаз Гүлнара Тұрсынбайқызы Тәшенова жайлы ұжым мүшелері әрдайым жылы лебіздерін білдіреді. Солардың арасында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нұргүл Нұрланқызы Әлімбетова математика маманының өз кәсібіне айрықша жауапкершілікпен қарайтынын сүйсіне әңгімеледі. Оның талай биік асулардан көрінетініне ық сенімде екенін де жасырмады.

– Облыс орталығындағы бірінші деңгейлі бағдарламаға сәйкес мұғалімдердің біліктілігі мен шеберлігін арттырудың 3 айлық курсын Гүлнара толық аяқтап шықты, – дейді директордың орынбасары. – Осыған сәйкес ол кісінің айлығына 100 пайыздық үстеме қосылады. Алдағы уақытта біліктілігі мен қабілет-қарымын іс жүзінде дәлелдеп, ұжым табысына өз үлесін еселері анық. Елбасының биылғы Жолдауында айтылғандай, Назарбаев зияткерлік мектебінің талабына сай соларға теңелу үшін аянбай тер төгетін боламыз.

Қазіргі кезде ұлағатты ұстаз Гүлнара Тұрсынбайқызы Тәшенова №31 орта мектептегі математика, физика және информатика пәндері әдістемелік орталығының жетекшісі. Жиырма жылдан астам жинаған тәжірибесі мен оқып-білгенін әріптестеріне үйретуден жалықпайды. Байыпты да байсалды қалпынан өзгермейтін Гүлнара сынды апайлары өздеріне үлгі тұтатын жас ұстаздар да баршылық.

Иә, шындығында да Гүлнара үлгілі де өнегелі отбасынан шыққан. Әкесі Тұрсынбай Тәшенов аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінде бас редактор болып біраз жыл жемісті еңбек етті. Өмірінің соңына дейін басқа да басқару органдарында абыройлы қызметтер атқарған Тұрсынбай ағамыз ақындық, қаламгерлік қырынан да, сондай-ақ адамгершілік асыл қасиеттерімен де Жалағаш жұртына жақсы танымал тұлға еді. Бүкіл бітім-болмысы бөлек, халық үшін еңбек етуге жаралған жан, амал нешік, о дүниелік болып кетті. Ал, анасы Жақсыгүл Тәшенова аудандық баспаханаңың ыстық-суығын басынан өткеріп, бүгінде бейнетті еңбегінің зейнетін көріп отырған, немере-шөбере қызықтаған ардақты ана. Осындай ізгілік нұры төгілген шаңырақтан шыққан Гүлнараның да биік мерей-мәртебеге, құрмет-қошеметке, абырой-беделге ие болып жүргені жанды жадыратады.

Мамандығын мақтан тұтқан, математика сынды ғылымдар атасы пәнінің тылсым сырларын шәкірттеріне үйретуден жалықпаған мерейі үстем жанның биылғы оқу жылында да табыс төрінен табылары даусыз. Қазіргі уақытта түлектерді ҰБТ-ға дайындау барысына барынша ден қойған ұстаздың табандылығына еріксіз риза боласыз.

– Болашақ иелері – жастар. Ел ертеңін ойлайтын, қоғам дамуын ілгерілететін жас ұрпаққа сапалы білім беру біз үшін үлкен міндет, – дейді Гүлнара Тәшенова. – Осы бағытта ұжым мүшелерімен бірге ортақ мақсат жолында аянбай еңбек ете беремін.

Ұрпаққа білім беру және тәрбиелеу ісінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп жүрген ұлағатты ұстаз Гүлнара Тұрсынбайқызы Тәшенованы келе жатқан төл мерекесі 8 наурыз мерекесімен құттықтап, ұстаздық қызметінде толағай табыс тілейміз.

**Мейрамбек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**
Жалағаш кенті.

# ӘДІЛДІК ЖОЛЫНАН АЙНЫМАҒАН



Мемлекеттік биліктің үш тармағының бірі – сот жүйесі. Ол азаматтар мен түрлі ұйымдардың құқығын, бостандығын және заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Оның әділ де қара қылды қақ жара билік айтуы еліміздегі демократиялық құндылықтардың қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын айқын аңғартады. Бұл орайда сот төрелігін жүзеге асыратын судьяның кәсіби біліктілігіне, тараптарды тыңдаған кезде таразы басын тең ұстап, әрбір адамның тағдырына асқан жауапкершілікпен қарайтын имандылығына көп нәрсе байланысты. Сонымен бірге судьяның Елбасы Жарлығымен тағайындалатынын ескерсек, сот барысында оның тек қана заңға бағынатынын, күнделікті қызметте ғана емес, кәсіби әрі өмірлік жолда аса зор жауаптылық пен ержүректілікті талап ететін осы салада белсенді еңбек етіп жүрген нәзік жанды судьялар да аз емес. Солардың бірі – Гүлмира Ысқакова.

Қазақтың Әлия мен Мәншүктей қайсар қыздарына тән батырлық үлгісін танытпаса да, бойына азаматтық ерік-жігер мен қайраттылық қасиеттер тұнған жан 1966 жылы көгілдір көктемде Қызылорда қаласында дүниеге келді. Жастайынан тәртіп пен білімге деген зеректігімен көзге түскен ол еңбек жолын Сырдария ауданық сотында сот орындаушысы қызметінен бастаған. Алғашқы кәсіби қызметін үздік атқара білген Гүлмира Оспанқызы осында сот кеңесшісі болып, одан әрі облыстық әділет басқармасының сот орындаушылар мен приставтар департаментi директорының орынбасары лауазымын атқарса, 1999 жылдан аталмыш департаменттің заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, АХАЖ, нотариат саласында бас маман, халыққа құқық түсіндіру және заң қызметін көрсету бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

Қай қызметте болмасын, жауапкершілік пен сенім үдесінен шыға білген білікті маман Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі Жарлығына сәйкес Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы лауазымына тағайындалды. Әділдік жолындағы қайсыбір жауапты міндетті ойдағыдай атқара білген, кезіккен кедергілер мен қиындықтарды кәсіби шеберлікке сай еңсеріп, жетістіктерге кол жеткізген ол табандылық пен еңбекқорлықтың ерен үлгісін танытып келеді. Гүлмира Ысқақованың табаны күректей 30 жылдай еңбек жолы соған дәлел. Оның бойынан әркез ер азаматқа тән қайсарлық пен батылдық байқалып тұратынын әріптестері кейінгі толқынға өнеге етіп айтып отырады. Былтыр судья Гүлмира Ысқакова 3 мыңның үстінде әкімшілік іс қараса, ай сайынғы орташа жүктемесі 200-ге жетіп жығылады екен.

Облыстық сот төрағасының 2012 жылғы 16 шілдедегі өкімімен Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотына әкімшілік істер жөнінде базалық сот мәртебесі беріліп, Гүлмира Оспанқызы осы базалық соттың төрайымы болып бекітілген. Бұл жаңа құрылым аудандық және оған теңестірілген сот судьялары мен кеңсе меңгерушілерінің, сондай-ақ сот кеңсесі қызметкерлерінің кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға негізделген. Базалық сот бағытындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыра білген біздің кейіпкеріміз аудандық және оған теңестірілген сот судьялары мен жаңадан тағайындалған судьяларға әдістемелік көмек көрсетіп, кеңсе меңгерушілерін, мұрағатхана мамандарын және басқа да сот мамандарын тағылымдамадан өткізу, сонымен бірге құқық қорғау органдарымен бірлесе ісшаралар өткізуге атсалысып келеді. Судья Гүлмира Ысқаковаға базалық соттан басқа қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының баспасөз қызметі де жүктелген.

Қызметтегі әділ жүректі ару отбасында әйел-ана екендігін де ұмытпаған ибалы келін. Екі баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп отырған Гүлмира Оспанқызы шаңырақта отағасына адал жар, ұрпақтарына аяулы ана. Ол судьялық еңбек жолында әділдікті ту етіп ұстанып, құқықтық-сот саласының алға ілгерілеуіне үлес қосса, отбасында, достары мен әріптестері арасында қазақтың қайсар да батыл қызы деген құрметке лайық екендігін танытып келеді.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**




**Ана деген ардақты есімге ізгі ниетіміз өте зор. Әрбір адам баласына жарық дүние қызығын сыйлап, оларды тәрбиелеп өсіретін құрметті жандардың қашаннан да біз үшін бағасы жоғары. Сондықтан да олардың алдында басымызды иіп, ізгі ілтипатты білдіреміз.**

# ҒАСЫР ЖАСАҒАН АНАЛАР

Аналарымыз бала үшін түн ұйқысын төрт бөлді. Оған қоса уақытпен санаспай, ерлермен бірдей талай жұмысты атқарды. Жаратқан иеміздің мейірімінің шексіздігі шығар, бүгінгі таңда кейбір аналарымыз ұзақ жасап, шаңырақ төрінде әулетінің ұйтқысына айналып отырған жайы бар. Қуанарлығы, олардың қатарында ғасырлық ғұмырды көзі көрген кейуаналар саны артып келеді. Осындай аяулы кісілердің Қызылорда қаласында 6-ы өмір сүреді екен.

Қызылорда қалалық әкімдігі Халықаралық әйелдер күні қарсаңында сондай асыл жандарды дәріптеу мақсатында игілікті шараны қолға алып отыр. Сол Аналардың суреттерін үлкейтіп, қала көшелеріне билбордтарға іліп қойды.

Бұл жоба «Ғасыр-ғұмыр иесі – асыл ана» деген тақырыппен жүзеге асырылуда. Бұл билбордтарды қызылордалықтар мен қала қонақтары Қызылорданың негізгі көшесінің бірі болып табылатын Жібек жолы даңғылы бойынан көруіне әбден болады.

– Біз былтыр жасы 90-нан асқан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне осындай құрмет көрсеткен едік. Сол игілікті шараны биыл да жалғастырдық. Бұл жолы ғасырлық ғұмырды көзі көрген асыл аналарды ардақтасақ деген шешімге келдік, – дейді қала әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов.

**Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.**



















# ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРГЕ ҚАШАН ЗЕР САЛАМЫЗ?



**Қазақ халқында қолы алтын зергерлер мен ұсталар аз болған жоқ. Жер-дүниені кезген жиһанкездер олардың өнеріне тәнті болғанын таспаға басылған талай еңбектен біліп жүрміз. Біздің қолөнеріміз ежелден ешкімнен кем түскен емес. Елдің арасында темірден түйін түйген, сан алуан ағашты кәдесіне жаратқан және өзге де өнердің майын ішкен шеберқолды адамдар саны аз болды ма?! Расын айтқанда, олардың саны өте көп. Бәлкім, олардың кейбірін кейінгі ұрпақ жадынан жоғалта бастаған да шығар. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұсталық өнерді киелі кәсіп түрінде бағалап, осындай шеберлерді төрге оздырғанын кез келген ұлтжанды азамат зердесіне тоқып өскені бесенеден белгілі. Өйткені бүгінгі ұрпақ ұсталық, зергерлік өнерді ұмыт қалдырып, жаһандану заманының иіріміне терең батып бара жатқанын қалайша жасырамыз?!**

Бүгінгі ұрпақ ғасырдан ғасырға жалғасып, ұрпақтан ұрпаққа аманат болған төл өнерді босағадан оздыра алмай жүрген жайы бар. Қайран қазақ қадірін жете түсініп, төбесіне көтерген ұсталық пен зергерліктің киелілігі мынада жатыр. Ол атадан балаға қан арқылы тарап, қаншама дәуір бойы дүйім елдің жүрегінде мақтаныш туғызды. Қазіргі күні бұл өнерді саусақпен санарлық бірен-саран адам ғана жанына серік етіп, одан өзіне рухани ләззат алып жүр десек те болатындай. Себебі оған ешқандай қызығушылық жоқ. Кейде шетелден келген мейманға кәдесый ретінде ұсынуға қажетті бұйымды таппай, көше кезіп сенделіп қалатынымыз тағы да бар.

Сырдария ауданындағы қолөнер шебері Сайділда Сәдуақасов бізбен бір кездесуінде «Ұсталық пен зергерлік – өте қызық өнер. Көздің жауын алып тұратын дүниені жасап шыққан сайын рахат күйге бөленесің. Сол кәсіптің қыр-сырына одан әрі қаныға түскің келеді. Темірден түрлі бұйымдар жасау мен ағаш жонуға асқан ептілік қажет етіледі. Болмаса, ойлаған дүниең шыға қоймайды. Әрбір істі бастар алдында жасайтын дүниеңді ойша жоспарлап аласың. Содан кейін барып жұмыс басталады. Жалпы, зергерлік те, ұсталық та қаншама уақытыңды талап етеді. Осыған шыдамың жетсе, ойыңдағы орындалады. Соңғы жылдары елдің арасында ұсталық өнердің ұмытылып бара жатқаны жасырын емес. Қазіргі таңда көпшілік тұтынатын заттардың барлығы дерлік техникаға қатысты болып отыр. Қандай затты қажет етсең де, алдыңнан табыла кетеді. Сол себепті елдің арасында қолдан жасалатын дүниелерге сұраныс күрт азайып барады» деген еді.

Кейінгі буынның арасында ұлттық өнерді үйренуге деген ынтаның төмен болып тұр. Ұсталардың айтуынша, зергерлікпен айналысуға шикізат көзі де тапшы. Бүгінгі күні күміс теңгелер көзден ғайып болды. Ол бұрын зергерлікке зер салатын адамдардың негізгі шикізат көзі еді. Күміс теңгелерді қайта қорыту арқылы сақина-білезік жасалатын. Тіпті ер-тұрмандарға сән беруге де жаратылатын. Сайділда ағамыздың айтуынша, кезінде елдің арасында осындай қолөнер бұйымдары арқылы кеңінен танылған азаматтар көп болған. Бір ғана Тереңөзектің төңірегінде Құрманғали, Мамырай, Жұматай есімді зергерлер болған екен. Олардың жасаған бұйымдары халықтың игілігіне айналды. Атап айтқанда, әйелдерге арналған жүзік, сақина, білезік, шашбау, бойтұмар, алқа елдің сұранысын өтеп жатты. Қазір пышақ және шалғы секілді егіншілерге қажетті дүниелерге де сұраныс жоқ.

Өркениетті елдерде қолөнер бұйымдарына деген қызығушылық өте жоғары. Қолдан жасалған дүниелер үлкен сұранысқа ие. Өкінішке орай, бізде әзірге ондай көзқарас жетіспей жатыр. Мәселен, қазір елімізге зергерлік бұйымдар, негізінен, сырттан келеді. Ал өзімізде алтын қолды азаматтар аз емес. Қаншама қаржы өзгенің қалтасын толтырып жатыр. Сондай орындарды өзімізде ұйымдастыра алмаймыз ба? Қазақ жерінде металдың түр-түрі бар. Арнайы шеберханалар ашып, онда шеберлердің басын қоссақ, көздің жауын аларлық қаншама дүние көпшіліктің кәдесіне жарар еді. Біздің елдегі шеберлердің де тәжірибесі мол. Олардың осындай көп жылғы еңбегін жас ұрпақ бойына сіңіре алсақ, атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнер өркенін жая түсетіні айқын.

Ғалымдардың айтуынша, қазақ жеріндегі ұсталық өнер қола дәуірінен бері халықпен бірге жасасып келеді. Олар қалыпта құю, соғу, шегендеу, қара бағдар қондыру, зер жүргізу секілді дүниелерді жасап шығарған. Қолдағы шикізатына қарай қолы алтын шеберлерді мүйізші, ерші, ағаш оюшы, сазгер, майдагер, мыскер, балғашы, таспашы, бәдізші және темірші деп бірнешеге бөлген. Шынын айтайық, қазір дайынға үйір болып алдық. Керек-жарақты армансыз шетелден тасып жатырмыз. Басқаны айтпай-ақ қоялық, қарапайым балтаның басын алып қарайық. Қазақтың қара шаруасы оны Қытайдан жеткізеді. Оны жергілікті жерде де жасауға болады емес пе? Сондай-ақ әйелдер өзге елден жеткізілген ыдыс-аяққа құмар. Кезінде оны өзіміздің ұсталар жасады емес пе?

Расында, бізге ұсталық өнер атадан балаға аманатқа айналған ардақты өнер еді. Қаншама ғасырдан бері сол игі іс үзілмей келді. Дегенмен, соңғы уақытта оған жастардың тарапынан қызығушылық байқала бермейді. Бәлкім, өзіміз қызықтыра алмай жүрген шығармыз. Қазір елдің ішінде ұсталық өнерді кәсіп еткендер баршылық. Өкінішке орай, олардың барлығы – жасы үлкен кісілер. Олардың қасында жас буынды көре бермейсің. Осындайда ұлтымыздың сан ғасыр бойғы жан серігіне айналған осы өнер жадымыздан жоғалып кете ме деген ой келеді.

**Әділжан ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.**

Қазекеңнің күн қабағын, жолдың бағытын жұлдызға қарап болжайтын дағдысы бар. Бабаларымыздың осынау даналығын қазір әлемдік деңгейдегі ғалымдар да мойындауда. Сондай-ақ адамның есімінде тағдырдың үлесі мол деседі. Рас болуы. Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің есімі – Венера яғни «Шолпан» деген мағынаны білдіреді. Венера – өте әдемі жарқырайтын жұлдыз. Айдың жанында орналасады. Таң алдында ғана көрінеді. Латын тілінен аударғанда «Махаббат пен сұлулықтың патшайымы» дегенді аңғартады.

# ҚАРАҚҰМНЫҢ ТАҢШОЛПАНЫ

«Қарақұм дегенше, қарағым десейші». Ел ішінде жиі қолданылатын бұл теңеуден туған өлкеге арналған ыстық ықыласты аңғару қиынға соқпайды. Қашанда маңғаз келбетінен танбайтын сайын дала кім-кімді де жатсынған емес. Соған орай перзенттері де алғаусыз пейілдің қарымтасын адал еңбекпен қайтаруға тырысады. Солардың бірі – Қарақұм ауылдық округінің кітапханашысы Венера Назарова. Елді мекен аудан орталығынан жырақ қоныстанған. Алайда, мұндағы ағайын қоғам өмірінен, жаңалықтар легінен әсте қалыс қалмайды. «Кітапханашылар – руханият шырақшысы». Вененаның әрбір сағаты қарбаласпен, ізденумен өтеді. Соның арқасында қабырғалы қауымнан, қалың оқырманнан, сала басшыларынан сан мәрте алғыс арқалап білікті маман атанып жүр.

Қашанда биязы қалпынан танбайтын Венера Назарова кітапханалық қызмет көрсету, кітап насихаттауда ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жетті. Оған мол тәжірибе жинақтауы септігін тигізді. Әсіресе кітап көрмелерінде, библиографиялық шолу, тақырыпты әңгіме өткізуде тапқырлық танытады. Қызықты деректерге сүйеніп шұрайлы тілмен өрнектегенде аудиторияны өзіне баурап алады. Міне, кәсіби шеберліктің шыңы. Венера ұйымдастырған Елбасымыздың өмір жолы, қызметі басқа да сәттерінен терең мағлұмат шерткен кеште жас ұрпақты отансүйгіштікке, имандылыққа, адалдыққа баулу үрдісі терең өрнектелді. «Бір ел – бір кітап акциясы» аясында ақын Фариза Оңғарсынованың кітап көрмесі, салауаттылық салтын насихаттау бағытында жастар арасында дебат, әдеби сағат, оқырмандар конференциясы өткізілді. Қарақұм жастары білікті де өте белсенді. Түрлі мәдени сайыстардан үнемі жеңіспен оралады. Бұған кітапханашы Венера Назарованың да қосқан үлесі қомақты.

Венера Арал өңіріне мәлім іргелі әулетке келін болып түскен еді. Енесі Жәмила дүниеге он төрт перзент әкелген Батыр ана болатын. Ауданға іссапармен келген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа Жәмила әженің бата бергенін ұрпақтары орынды мақтаныш тұтады. Венера нақ осындай асыл ананың тәрбиесін көрді. Келін ретінде өзі де риясыз қызмет жасады. Ризашылығын алды. «Келін – қайын ененің топырағынан жаратылады». Қасиетті ененің лебізі қабыл екен. Енді өзі де төрт немереге әже атанды. Жолдасы танымал кәсіпкер Бектұрған екеуі қос келін жұмсап отырған шаңырақтың егесі. Венераның қайын апасы Айкүміс те ұзақ жылдар мәдениет саласында еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Әулет бақыты дегеніміз осы да.

Арал аудандық кітапханалар жүйесінің директоры Гүлжамиға Ильясовадан Венера жайлы пікірін сұрағанымызда «Маңайындағыларға тек жақсылық тілейтін адам» деп қысқа қайырды. Бағың өрлесін, Қарақұмның Таңшолпаны!

***Жұмабек* ТАБЫНБАЕВ.**
Арал ауданы,
Қарақұм ауылдық округі.

# Мерекеге сыйлығыңыз дайын ба?




**Қыстың ызғары қайтпаса да, гүл көктем айналаны нұрға бөлегендей. Қырмызы көктем келсе болғаны, әйел-аналардың мерекесі де келеді. Күннің шуағындай құлпырған аруларымыздың бұл күні аға-інілерімізден жақсы сый-құрмет күтетіні жасырын емес. Мейрам келсе болғаны, ер жігіттер қауымы жақындарына бірі гүл, бірі өзге сыйлық сыйласа, енді бірі бағалы жүзік, алқа секілді әшекей бұйымдар беріп жатады. Яғни, мереке қарсаңында сыйлықтардың саудасы қыза түседі. Саудагерлердің бұл күні қолы жүріп, бір байып қалады. Екі күн бұрын біз де халық көп баратын сауда орындарын аралап, базар көркін қыздырған сыйлықтардың бағасын бағамдап қайтқан болатынбыз. Шарықтаған баға мен сыйлық таңдап қарбаласқан жұрттың жайын сіздерге ұсынуды жөн көрдік.**

Сонымен кез келген айтулы күн гүлсіз өтпейді. Гүлді әрбір адам сыйластықтың белгісі ретінде сыйлап жатады. Сондықтан ең алдымен жолымыз гүл дүкендеріне түсті. Нағыз сауда осында екен. Әуелі букет гүлдердің бағасына тоқталар болсақ, 2500-12000 теңгеге дейінгі аралықта. Бұл бағаны аз десеңіз, арнайы тапсырыс беріп үлкен сомада жасатуға да болады. Ал, бір дана роза гүлін 700-800 теңгеден табасыз. Гүл сатушының айтуынша, бұл баға мерекеге бір күн қалғанда қайта өсетін көрінеді. Сонда ойлай беріңіз, әріптесіңізге не құрбыңызға бір түйір гүл алатын болсаңыз 1000-1500 теңге қалтаңызда міндетті түрде болу керек. Ал, бөлме гүлдерінің бағасы тіпті аспандап кеткен. Байқағанымыз, роза, жауқазын, қалампыр, лала гүлі, қызғалдақтарға деген сұраныс мол. Десек те, баға қанша шарықтап тұрса да, гүл дүкенінен құр қол шығып жатқан ешкім жоқ.

Екінші нысан «Ескі базар» болды. Қаланың ірі базарларының бірі болатын мұнда сыйлықтың түр-түрін кездестіресің. Базарда жүрген адамның қарасынан аяқ алып жүру мүмкін емес. Әрқайсысының қолында кем дегенде бір дорба. Базарға кірісімен алдымен ең көп өтеді ау деген қамзол, көйлек, жаулықтардың бағасын білуге бардық. Алатын адам секілді әрқайсысымен саудаласып жүріп білгеніміз, қамзолдың ең қарапайымы 800 теңгеден басталады. Матасы жақсы, өрнегі молы керек болса, 5000 теңгеден жоғары көлемде аласың. Яғни, қамзол 800-20000 теңге аралығында. Ал, жаулықтың жақсысы 3000, тәуір көйлектеріңіз 5000 теңгені құрап отыр. Көңіліңіз қалағанын алыңыз.

Қыз-келіншектерге ұнайтын ерекше сыйлықтың бірі – ыдыс-аяқ. Жан-жағы жайма базарға айналған «Талғат» базарында ыдыс-аяқтың сатылымы жаман емес. Бір шыныаяқтың өзі 450 теңгеге бағалануда. Жай ғана шыны ыдыстар жиынтығының бағасы 1500 теңгеден басталады. Ал, «Small» сауда орталығында баға мүлдем бөлек. Онда барсаңыз, қалтаңызды қомақты қаржыға толтырып апаруыңызға тура келеді. Мұнда сыйлықтардың бағасы, оның ішінде ыдыс-аяқтар жиынтығы 3000 теңгеден басталып, 51000 теңгеге жетеді. Айтпақшы, алтын-күмістерден жасалған әшекейлердің бағасына мерекеден бұрын АҚШ долларының күрт өсуі тез әсер еткен секілді. Себебі, баға шарықтап кеткен. Сонымен, мерекеге арналған сыйлық алу үшін орташа есеппен кем дегенде 10000 теңге қажет-ақ. Егер қалтаңыз көтерсе, одан да үлкен сомадағы сыйлық алуыңызға болады. Дегенмен, қандай сыйлық алсаңыз да, мейлі ол үлкен не кіші болсын, шынайы көңілмен берсеңіз болғаны. Себебі, нәзік жандылар үшін шын ниетпен берілген сыйлықтың орны қашанда ерекше.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**



**Барша жұртпен сырласқан «Сыр бойының» сұлулары осылар**

# ЖАН ДҮНИЕСІ СҰЛУЛЫҚҚА ТОЛЫ ЖАН



Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс атқарғаннан кейін облыстың түкпір-түкпірін жиі аралап тұруға тура келеді. Ол көбінесе облыс басшысы немесе өзге де қонақтардың аймақтағы елді мекендерге жасаған іссапарына сәйкес жүзеге асып жатады. Әрине, мұндайда облыстағы ақпарат құралдарының өкілдері отырған көлік әкім мен оның қосшылары мінген көліктер қатарында жүйткіп жүргені. Ал біздің облыстың аумағы Еуропадағы кішігірім елдердің алып жатқан аумағынан артық болмаса кем емес. Сапар ұзақ, кемінде бір күнге, кейде одан да көпке созылады. Әр күні азаннан кешке дейін елді мекендерді, немесе мұнай кеніштерін, басқа да өндіріс орындарын, құрылыс нысандарын аралайды. Осындай әр сапар сайын журналистер тобының мүшелері де өзгеріп отыратыны белгілі. Десе де, әр жолы мұндай сапарда қалам иелерінің ортасында топтың ажарын ашып, жұртшылықтың көңілін көтеріп отыратын журналистер болатыны жасырын емес. Лилия Мальцева солардың ортасынан ойып орын алады десек, сөзімізде жалғандық бола қоймас. Шынында да не кереметі бар екенін білмейсің, бірақ әріптестері жүзінен ешқашанда жабырқауды, томсыраюды байқамайтын, керісінше, үнемі күлімдеп жүретін осы бір жүзі шырайлы жанның жанында үйіріліп жүргені. Жалпы Лилияны қала, облыс тұрғындарының басым бөлігі жақсы біледі десек, қателесе қоймаспыз.

Бүгінде екі жиырма бесті артқа тастаған Лилия Мальцеваның 9 жасынан бері Қызылорда қаласының тұрғыны болғанымен, оның тау халықтарының ұрпағы, мұсылман екенін көпшілік біле қоймауы да мүмкін. Оның туыстары Дағыстан мен Әзірбайжанда көп. Десе де, оның дүниеге келген жері біздің ел, оның ішінде бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Шар ауданының орталығы. Қызылорда қаласында әуелде № 198 мектепте оқыса, оқуды бітірген білім ошағы – №233 мектеп.

Лилияның жасынан құмартқан мамандығы тігінші болу еді. Сол мақсатта мектеп бітірген 1979 жылы Баку қаласындағы тігін-тоқыма институтқа түсуге талап қылды. Бірақ жолы болмады. Дегенмен, ұнатқан мамандығына деген адалдық Қызылордаға қайтып келіп, тігін фабрикасына жұмысқа орналасуына себеп болды. Жұмысына деген ынталықтың арқасында болар, алты ай өтпей жатып, 4 разрядты бракер шебері (бұл ең жоғары разряд) және өндіріс шебері деген атқа қол жеткізіп, 45 адамға басшылық етті. Осы жерде үш жыл жұмыс істеген соң күйеуге шығып, Теміртау қаласына қоныс аударды. Күйеуінің жұмысына орай одан соң еліміздің қазіргі елордасына айналған Целиноградқа ауысты. Осы жылдары төрт баланың анасы атанды. 1996 жылы Қызылордаға көшіп келгенде Александр, Екатерина, Кирилл және Константин атты ұл-қыздарының алды он екіде, кішісі үш жаста еді.

Әріптесімізбен әңгіме барысында оның баспасөз саласына қалай келгені қызықтырғаны рас. Бұл уақытта тігін фабрикаларының тоқтап қалған кезі. Ол фотография саласының маманы атану үшін Мәскеудегі фотография институтына сырттай оқуға түскен екен. Қайта құру кезеңінің ауыртпалығына сәйкес бұл оқу орны жабылып қалуы себепті, бес жылдық оқуды төрт-ақ жылмен аяқтауға мәжбүр болады. Осылайша Қызылорда қаласындағы фотосалонда жұмыс істеп жүреді. Клиентттерге тек жылы қабақ танытып, ұдайы күлімсіреп қарсы алатын келіншекті бәрі жақсы көріп кетеді. Осындай қасиеттерін ескергендіктен болар, сол уақытта жаңадан ашылған тәуелсіз ақпарат құралы «Таймс» газетінің бас редакторы Валерия Крючкова оны жұмысқа шақырады. Міне, содан бері осы саланың нағыз жауынгері айналды.

Қызық та жауапты салада әуелде фототілші қызметін атқарса, қазір осы міндетімен қатар тілшілікті де қоса орындайды. Дәлірек айтқанда, тіршілікті, оқиғаны, көріністі жазумен де, суретпен де бейнелей біледі. Міне осылайша көп жылдан бері Л.Мальцева аймақтағы, елдегі жақсы да жаманды жаңалықтарды, қызықты оқиғаларды, сұлулықты, әдемілікті жерлестерімізге жеткізуге өзге де әріптестерімен бірге өзіндік үлес қосып келеді. Бұл орайда тек әдемі көріністерді ғана жеткізеді деген ой туып қалмауы тиіс. Оның назарынан қоқысқа толы көше, экология зардаптары секілді басқа да жағымсыз жайлар тыс қалмайды. Осы мақсатта түрлі қызықты жағдайларға да кезігіп жатқаны. Кезекті сәтті көріністі қалт жібермеймін деп жүріп белуардан балшыққа түсіп кеткені де бар. Иә, фототілші болу үшін көп нәрсе керек. Шыдамдылық, сабырлылық сонымен қатар шалт қимылдық, аңғарымпаз, сезімталдық секілді көптеген қасиеттер керек. Осындай қасиеттерге ие болғандықтан болар, оның түсірген фотосуреттерін республикалық басылымдар да сұратып тұрады. Мәселен, «Голос», «Страна и мир» журналдарымен тығыз байланыста жұмыс істеп келді. Сол секілді «Казахстанская правда» газеті де тапсырыс беріп тұрады. «Егемен Қазақстанда» Мальцеваның жұмысын алдыртатыны бар. Жақында осы басылымның бірінші бетінде оның биіктігі 41 метр мұнай мұнарасының ұшар басынан түсірген өте бір сәтті суреті жарияланды. Фототілші аруымыздың жұмыстарын жан-жақтан көріп тұрғанымызбен, ол өзіміздегі тек екі басылымда ғана – «Кызылординские вести» және «Таймс» газеттерінде жұмыс істеді. Әрине, жергілікті жерде де оның жұмыстарын жиі көріп тұрамыз. Облыс орталығындағы үлкен жолдар бойындағы баннерлер мен билбордтарда «Таймс» газеті фототілшісінің еңбектері молынан пайдаланылып жүр. Мысалға, жүз жасаған кейуаналардың портреттерін жасауға барғандағы әсерін айтып жеткізе алмайды. Ғасырдың куәсі болған әжейлердің бәрі де мейірімді, дана жандар. Барлығы да қонақтарды елжірей қарсы алып, мейірім шуағын төгіп отыр. Лилия әжейлердің өзінің бетінен, көзінен, ернінен сүйгенін айтып жеткізе алмайды. Ал олардың берген баталары қандай!? Осындай әр кездесуден қанаттанып шығып отырды. Олар бұл өмірде талай қиындықтарды көрген жандар болса да, ешқайсысы өміріне шағым айтпайды. Өмірге шағым айтпаудан шығады, біздің әңгімелеп отырған кейіпкеріміз де сондай қасиетке ие. Л.Мальцеваны жақсы білетін адамдардың барлығы да бұған келісері анық. Бұл туралы өзінен сұрағанымызда, ол өзінің ішкі жан дүниесінде жағымсыз нәрселерге орын жоқ екенін айтты. Қайбір ортаға түспесін, өзінің әдемі жымиысымен, күлімдеген жүзімен, риясыз күлкісімен есте қалып отырады. Әйтпесе, төрт баланың анасында өзгелердегідей өмірдің кейбір проблемалары жоқ дейсің бе? Бар, әрине. Бірақ ол туралы басқаларға айтып, жылап шағымданудың еш қажеттілігі жоқ деп санайды. Сондықтан болар ол барлық жерде сыйлы. Тіпті Елбасының өзі аймаққа жасаған әр сапарында журналистер арасынан Лилияны көріп қалса, арнайы бұрылып, сәлемдесіп, жағдайын сұрап жатады. Жақында жергілікті шешендердің мәдени орталығының мүшелерімен бірге Шешенстанға барып, Қадыровтың қабылдауында болып қайтқаны бар.

Лилия әріптестері арасында да сыйлы екенін айттық. Өйткені өзі оларды сыйлайды. Әсіресе фототілшілердің азғантай тобы – Болат Омарәлиевке, Игорь Титенокқа, Өмірбай Түменбаевқа, Александр Кочерещенкоға, Андрей Тайгуновқа деген құрметі ерекше. Жұмыс барысында біз бір-бірімізге кедергі жасамай, керісінше көмектесіп отыру негізгі ұстанымымыз дейді бұл туралы Лилия ханым. Айта берсе, бүгінде әже атанып отырған кейіпкеріміз туралы әңгіме таусылмайды. Десе де, оның талай жылдан «Қайсардың» жанкүйері екенін де айта кеткен жөн болар. Ол өзінің сүйікті командасының бірде-бір ойынын жібермеуге тырысады. Міне, осындай керемет жан ортамызда жүр.

Олай болса, ақпарат айдынында өзіндік қолтаңбасымен көрініп жүрген Лилия Мальцеваны «сырбойылық» әріптестері де көктем мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, барлық ізгі тілектерді арнайды.

Әріптестерінің тілектерін жеткізуші **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**



**Несібелі РАХМЕТ,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

# Алғашқы әңгіме

Екінші курс оқып жүрген кезім. Оқып жүрген деймін-ау, нақтырақ айтсам, жаңа оқу жылының сабағына, ауыл шаруашылығы жұмыстарынан келіп, енді кірісіп жатқанбыз.Бір күні курстасым әрі жерлесім аралдық жігіт Әмір Оралбаев аудиторияға кіре беріп мені көрді де:

– Несібелі, құттықтаймын, «Ленин жолына» әңгімең шығыпты, – деді қуанышты күйде.

– Қойшы-ей, өтірік айтасың, қайдағы әңгіме, – дедім мен оның сөзіне нанбай.

– Шын айтам, шығыпты, – деді ол салмақты кейіпте.

Мен нанарымды да, нанбасымды да білмей, сәл ойланып қалдым. Сосын барып:

– Ал, шын болса айта қойшы, қандай әңгіме? – дедім оған ұсталған жерің осы дегендей сынай қарап.

– «Сағымжан» деген!

Мен селк ете қалғандай болдым. Санамда жап-жарық сәуле жүгіріп өтті. Мына Әмір дұрыс айтып тұр. Рас болғаны ғой. Егер шықпаса, бұл менің әңгімемнің атын қайдан біледі? Сонда...сонда...Лезде...тез арада...

Менің әрі-сәрі болып тұрған кейпімді көріп жаны ашып кеткен болуы керек, сөзге Қалдығұл досым араласты.

– Әмір, былай дұрыстап, түсіндіріп айтсаңшы, қайдағы әңгіме, қайдан көрдің оны?

– Қайда болушы еді, скверде, газет ілетін жерде тұр.

– А...а...а...

Сонан құрбым екеуміз бір жұп сабақтың әуелгі жартысына зорға шыдап, дәріс аяқталар-аяқталмастан айдап отырып бас пошта ғимаратының артындағы газеттер салынып қойылатын тақтаға келдік. Бұл жерде сол кездегі басылымдардың атасы «Правдадан» бастап, өзіміздің республикалық, облыстық газеттер күнбе-күн жаңаланып ілініп қойылады. Қаз-қатар тізіліп тұрған газеттердің арасынан Қызылорданың «Ленин жолын» көп іздемей-ақ таптық. Өйткені осы маңнан әрлі-берлі өткенде, кейде ауылымызды сағынғанда осы араға келіп, әрқайсысымыз өз облысымыздың газетін оқып кетіп жүреміз.

«Сағымжан». Төртінші беттің жартысын алып тұрған туынды көзіме оттай басылды.

– Өй, мынау көлемі әжептәуір әңгіме ғой, – деді Қалдығұл мойнын соза, көзін сығырайта газетке қарап, – Бұны қашан беріп жүрсің?

– Өткенде, практикаға барғанда беріп кеткенмін.

– Тез шығыпты ғой онда. Қалай жылдам басқан? Кімге беріп кетіп едің, редакторға ма?

– Жо...жоқ, редакторға емес.

– Енді кімге? Студенттің әңгімесін редактордан басқа кім бүйтіп тез шығара алады, әрі қысқартпай...

Газеттің жайын, оның әрбір беті емес, әрбір жолының қасқалдақтың қанындай қымбат екенін, санаулы екенін менен гөрі жақсы білетін досым сұрақты үстін-үстін жаудырып тықсырып барады.

Облыстық газетке шыққан тұңғыш әңгімемді көріп /бұған дейін мақалаларым мен қысқа-қысқа әңгіме, новеллаларым, өлеңдерім аудандық «Еңбек туы» мен республикалық «Қазақстан пионері» газеттерінде ғана жарияланған-ды/ өз көзіме өзім сенбей, я қуанғанымды, я қуанбағанымды білмей, біртүрлі күйде тұрып қалған мені құрбым бүйірімнен түртті.

– Сонда әңгіменді кімге тастап кетіп едің, кім болса да, мықты біреу болды ғой, – деді ол сұрағын әрі қарай жалғастырып.

– Қомшабай ағайға. Практикам бітіп, кетіп бара жатқан кезде «оқып көріңізші» деп ұяла-ұяла Қомшабай ағайға бергенмін. Мен бұны шығарады деп ойлаған жоқпын.

– Ойламасаң, әңгімең ағайыңа ұнағаны да. Кім болып істейді ол кісі, редактордың орынбасары ма?

– Жоқ. «Мәдениет және әдебиет» бөлімінің меңгерушісі.

– М...м... өзі де жазады ғой, сірә. Ақын ба, жазушы ма?

– Ақын да, жазушы да!

– Е...е... талантты кісі десейші.

– Иә, талантты, өте талантты, маған әсіресе ағайдың әңгімелері қатты ұнайды, өте нәзік жазады.

Міне, қаламгер Қомшабай Сүйенішев мені ең алғаш рет осылайша қуантып, осылайша қанаттандырып еді. Расында мен ағайға «оқып көріңізші» деп беріп кеткен сол шығармамды газет бетінде жариялайды деп күткен жоқпын. Оны басуға алам ба, жоқ па деп қорқасоқтап, үркектеп тұрғанында, саған мұрнын шүйіре, менсінбей қарап, жекіп сөйлеп, жіберген болмашы қателігің үшін жер-жебіріңе жетіп ұрысып, үрейінді ұшыратындар аз емес.

Ал, мына кісі, яғни Қомшабай Сүйенішев ағай мүлдем олай емес! Бізге ұрыспақ түгілі – «әй» деп сөйлемейді. Біз ғана емес, жалпы ағайдың табиғатында адамға қатты сөйлеу, кісінің көңіліне келу деген атымен жоқ болуы керек. Мен сол айналасы аз ғана уақыттың ішінде Қомшекең туралы осындай ойға келдім. Өйткені үнемі жүзінен шуақ төгіліп, сөзінен жылылық есіп тұрады. Әсіресе ағайдың жазуға талпынған жастарға деген ықылас-пейілі ерекше екен. Ондай қыз-жігіттердің қай-қайсысымен де тең дәрежеде сөйлесіп, әдебиет, мәдениет, өлең-жыр, өнер турасында ойларын айтып, пікір бөліседі. Сонан да болар, ақын ағаның айналасынан, ізінен ерген іні-қарындастары мен шығармашылық иелері үйіріліп шықпайды. Редакциядан олардың бір тобы енді кетіп жатса, тағы біреешеуі табалдырықтан аттап жатады.

Сол сәттегі менің сезімімді ешкім ... халімді сезіп, ұялмасын, әңгіменің бетін басқа жаққа бұрайын деп ойлады ма:

– Мынау не? – деді бір кезде Қомшекең үстелдің үстінде бүйірі томпиып тұрған менің дорбамды нұсқап.

– Алма ғой, ағай, сізге әкелдім.

– Оны неге әкелдің?

– Енді басқа не әкелетінімді білмедім. Сіз ішімдік ішпейсіз. Құр қол қалай келем...

– Қызықсың-әй, өзің келе бермейсің бе? Кітаптарыңды ала келмедің бе? Газеттер әкелмейсің бе?

– Қайдан білейін, ағай...

– Сенің бірде-бір кітабың жоқ менде. Басқа жұрт шықса болды, бірден кітабын әкеліп көрсетеді.

– Қап, білмедім оны. Сіз менің кітабымды оқиды деп ойлаған жоқпын.

– Әй, Нескен-ай, Нескен-ай! Сенің әңгімелерің деген керемет қой. Просто удивительно!

– Сонда қалай?

– Сен кішкентай нәрсені байқап, көңіліңе түйіп, содан әп-әдемі оқиға өрбіте аласың. Саған Алла тағала сергек сезім берген. Содан да әңгіме,

– Ертең кел, рекомендацияңды жазып берем, – деді ағай сыртқа шығып бара жатқанымда.

Ертеңіне рөшкені өзіме ұстатып қойып, кепілдемені өзіме жазғызды. Төраға диктовка жасап, айтып отырды.

– Ал, жолың болсын, Нескен. Тез апарып тапсыр. Сен Одаққа қалай да өтуің керек. Өзім де Нұрланға звондармын, – деді Қомшекең қағазды қолыма ұстатып тұрып.

– Рахмет, ағай, сау болыңыз!

Мен үйге қарай жаяу тарттым. Көңілім көтеріңкі. Бейне бір аяғыммен жерде жүріп емес, көк аспанда қалықтап ұшып келе жатқандаймын. Қос иығыма қанат біткендей.

Иә, сол жолы шынында менің қиял-құсыма, сана-сәулеме, көкірек-көзіме қанат бітіп еді. Қанаттандырған – жаны жомарт, жүрегі жаз, көңілі баладай, пейілі даладай, өзі әулиедей ақын ағаның бір ауыз жылы сөзі, жақсы ниеті. Ол кісі айтқандай, менің шығармаларым керемет, бір әңгімем бір романға татитындай емес, әрине. Әркім өз әлін өзі біледі ғой. Дейтұрсақ та, Қомшекеңнің туындыларым туралы

жарайды деп те ойламаппын. Тек ағай көз жүгіртіп жіберіп, әңгімем дұрыс па, бұрыс па, кемшілігі неде, құттай да болса жетістік бар ма, жалпы жазуға бейімім бар ма, жоқ әлде менікі құр әурешілік пе, осы тұрғыдағы пікірін білдірсе деген ой-тұғын. Сөйтсем... сөйтсем айналайын аққөңіл ағайым айды аспаннан бір-ақ шығарыпты. Аспаннан ай шыққан емей не, қаламы қарымды жазушы емес, тіпті маман журналист те емес, небәрі екінші курсқа енді ғана өткен сарыауыз студенттің туындысы бір облыстың беткеұстар газетінде ойып тұрып орын тепсе. Және көлемі көзге көріне қоймайтын оймақтай емес, оқырмандардың көп қарайтын орны – төртінші бетте етектей боп жайылып жатса! Осындай қамқорлық жасап, мырзалық танытқан ағайға қалай риза болмассың, қалай сүйсінбессің!

Қадірлі оқырман ойлап отырған шығар, «Ленин жолына» жарияланған бір әңгімесін сонша жыр қылғаны несі, сол да сөз бе екен деп. Әрине, қазіргідей ақпарат құралдарының айдыны кеңейген, газет дегеннің түрі де, саны да жеткілікті, құнын төлесең туындыңды газетке ғана емес, тұтастай кітап етіп те басып беретін кезеңде, бұл айтып отырғаным күлкілі көрінуі де мүмкін. Ал, ол кезде, яғни жетпісінші жылдары қолына қалам ұстағысы келіп жазудың жайлауына қызыға қарап, солай қарай барсам ғой деп талаптанған жас үшін бұл үлкен жетістік, таудай табыс болатын.

Сол сәтте, сол таудай табысқа жетіп жүрегім жарылардай болып қуанып, әрі «менің шығармам осы газеттен орын алуға лайық па?» деген оймен сәл-пәл ұялып, біртүрлі түсініксіз, алмағайып сезімді басымнан кешіп тұрып елдегі қаламгер ағай туралы, Қомшабай аға туралы ойладым.

Сол сәтте көз алдыма жылы жүзді, адамға үнемі жымиып қарайтын, мінезі қыздан бетер жұмсақ ақсары кісі келіп тұра қалды.

Ол кісінің қарамағында мен небәрі бір ай ғана болып, өндірістік тәжірибеден өттім. Таңғалғаным – Қомшабай ағай алғаш көргеннен-ақ бізді (практикаға менен басқа тағы да бір қыз, бір жігіт, үшеуміз барғанбыз) өте жылы қарсы алды. Құдды бізді бұрыннан танитындай, біз бастауыш курстардың студенті емес, бейне бір өзімен қатарлас журналист, жазушылардай, баласынбай, жассынбай қабылдады. Бұлай деп отырғаным – газет-журналдарда, радио-телевидениеде қызмет жасайтын аға, апалардың бәрі студент-практиканттарды бұлай жылы қабылдап, емен-жарқын әңгімелесе бермейді. Өзің редакцияның табалдырығын имене аттап, қалай жүрем, қалай тұрам, қалай жұмыс істеймін, журналист үшін ең бастысы – қалай жазам, берген тапсырманы орындай

Ағайдың қол астында тәжірибеден өте жүріп, ол кісіден – үлкен ұстаздан жазу-сызуды үйрене жүріп, мен осыны байқадым. Қомшекең қалыптастырған осындай әдеби ортаны көрдім.

Қаламгер ағаның қамқорлығына бөленген сол практикадан соң арада бес-алты жыл өткенде мен «Ленин жолы» газетіне, Сүйенішев еңбек еткен дәл сол «мәдениет және әдебиет» бөліміне жұмысқа тұрдым. Бірақ, бұл кезде Қомшекең қызмет ауыстырып кетіпті. Дегенде, алақандай қаланың ішіндеміз ғой. Кейде-кейде, әдеби кештер мен жиындарда жүздесіп қаламыз. Сонда ол кісі:

– Нескен, не жазып жүрсің? – дейді.

Мен кібіртіктеп төмен қараймын. Осыдан-ақ менің онша ештеңені мандытпай жүргенімді түсінетін болса керек:

– Жаз, жалқауланба! Сенің жазуың жақсы, - дейді.

– Рахмет, ағай, рахмет! – деймін мен онан әрі ұялып.

Осыдан біраз жыл бұрын, біршама кітаптарым шығып, оны оқырмандар жылы қабылдағасын, «қой, мен де ел қатарлы талаптанып көрейін, мүмкіндік болып жатса Жазушылар одағына мүшелікке өтейін» деген мақсатпен кепілдеме алу үшін Одақтың облыстық ұйымының төрағасы Қомшабай ағайға бардым. Ойымды айттым.

– Дұрыс! – деді ағай салған жерден. – Ту...у...у...Нескен-ай, қызықсың өзің, лайықпынбаң не, баяғыда өтуің керек еді. Сен немене, әлі мүшелікке өтпегенсің бе?

– Жоқ ағай, өткен жоқпын...

– Ту...у...у..., қызықсың-ай өзің, қызықсың-ай...

Ағай күйгелектеніп әрі таң-тамаша болып, қолындағы қалампырын танауына қайта-қайта апарып біраз үнсіз тұрып қалды. Сосын барып:

– Әнеугіде «Жас Алашқа» шыққан новелланды оқыдым, удивительно! – деді сұқ саусағын жоғары көтеріп.

– А...а...сіз оны оқыдыңыз ба, сізге ұнады ма? – дедім мен қуанып кетіп.

– Тәйт, оқыдыңызбаң не, мен сенің газеттердегі әрбір шығарманды қалт жібермей оқып отырам. Тек жаманы – жиі жарияланбайсың. Жан-жаққа бұрқыратып жібере бермейсің бе? – деді кейісті қалыпта.

Мен таңғалдым әрі біртүрлі ыңғайсыздандым. Шынымды айтсам, Қомшекең – осындай қарымды қаламгер, көрнекті ақын, соңғы кездері науқастанып үйден ұзап шықпай жүрген үлкен аға – менің шимай-шатпағыма мән беріп, оқиды деп мүлдем ойламаппын. Ал керек болса! Қысылғанның көкесі енді келді. Мандайымнан шып-шып тер шықты. Басымды төмен салып, жерден көз алмадым. Менің осы

новеллаларың сезімге тұнып тұр. Өте нәзік жазасың.

– Ағай, сіздің де әңгімелеріңіз нәп-нәзік қой.

– О...ой, Нескен-ай, біздер қанша мөлдіретейік десек те, қыздардың жазуындай болмайды ғой. Қыздардың жүрегі жұмсақ, жалпы жаратылысы нәзік қой. Сонан да өнердің қай түрінде болмасын әйелдердің қолтаңбасы үлбіреп тұрады. Ал, еркектер деген... олар қа..та...ал, темірдей...

Қомшекең осылай деп қалампырын иіскелеп әрлі-берлі жүріп кетті. Мен ойланып қалдым.

– Нескен, білесің бе? – деді бір кезде ағай оң қолының сұқ саусағын жоғары көтеріп. – Сенің кейбір әңгімең... мәселен, бір әңгімеңнің өзі бір романның жүгін көтеріп тұр. Бұл сөзді естігенде мен өз құлағыма өзім тіпті де сенбедім. Бір жағынан ойнап немесе мені сынап айтып тұрған болар деп ойладым. Сөйттім де:

– Ой, ағай, қойыңызшы, сіз не мені аяғында мазақ қылайын дедіңіз бе? – дедім ашуланып.

– Тәйт, мазағы несі, Нескен-ау, сен не деп кеттің өзің. Рас айтам. Сенің кейбір әңгімелерің анау-мынау романға бергісіз.

– Иә, сонда қалай? Жәй қысқа-қысқа әңгімелер мен новеллалар ғой, олар қалай роман болады. Неге олай дейсіз?

– Қысқа болса бола берсін. Бірақ, олардың айтар ойы үлкен ғой. Вот, мәселе сонда! Кейбір салақұлаш романдар бар. Бірақ, ішінде ештеңе жоқ, ештеңе. Мен түсінбеймін соларды.

Ағай алақандарын жайып тағы да әрлі-берлі қозғалды. Сөйлеп жүр.

– Сосын, Нескентай, - деді маған қарай бұрылып. – Мәселе шығарманың көлемінде емес, салмағында, айтар ойында. Осыны ұмытпа! Ал, қазір не жазып жатсың? Сенің нағыз жазатын кезің ғой.

– Ештеңе. Бір кітап шығарсам ба деп, соны...ы... дайындап...

– Кітап дейсің бе? Қандай кітап ол?

– «Құмырсқа тірлік» деген.

– Құмырсқа тірлік? Сенің сондай әңгімең бар емес пе?

– Иә, сол әңгіменің атымен атадым.

– Интересно! Менің де құмырсқа туралы өлеңім бар. Ертеректе жазғанмын. Кезінде өте жақсы пікір тудырып еді. Жылы қабылданған. Өзгеше бағытта жазылған өлең болатын.

Сол күні Қомшекең әдебиет, поэзия, шығармашылық жайлы біраз әңгіме айтты. Көптен жүздеспегендіктен бе, ақын шешіліп, ақтарылып, қызынып сөйледі. Сөйтіп отырып кеш түскенін байқамай қалыппыз. Бір кезде мен қайтуға ыңғайландым.

Келгендегі негізгі шаруам біткен жоқ.

айтқан сол пікірлері мені біразға, тіпті шырқау биікке көтерді. Өз-өзіме сенімімді нығайтты. Жазуға деген қызығушылығым кеміп, немқұрайлылық басып, босаңсып жүргенімде қайтадан ширығып, қуаттанып, қаламымды қолыма алдым. Ең бастысы – рухым көтерілді.

...Сарыала күзде бастығым Жағыппар Қарабала табан астынан өзіне шақырды. Жұмыс жағдайы шығар деп ойымда ештеңе жоқ, кабинетіне бардым. Есіктен ене бергенімде:

– Сүйінші, сүйінші!

– Құттықтаймыз! – деп әріптестерім бірінен соң бірі құшақтап, қолымды қысып дуылдап ала жөнелді. Орталарында ақын апамыз Қатира Жәленова. Бәрі мәз, мәре-сәре. Үстелдің үстінде кәмпит, печеней. Мен не болғанын түсінбей, аң-таң болып тұрмын.

– Ал, ресми мойындалған, нағыз жазушы болуыңмен! – деді бір кезде Жағыппар.

– Иә, көптен күтіп жүрген арманың еді. Орындалды. Құтты болсын! – деді Айткүл.

– Осы жаңа ғана Алматыдағы ақын ағамыз Сейфолла Оспановпен хабарластым. Жазушылар одағына мүшелікке өтіпсің, сонан шашуымды алып, жеделдетіп жеттім, – деді Қатира кәмпиттерін маған қарай шашып.

Ақынның бұлай қуанатын жөні бар. Қомшекеңнен кейін «Сенің қалай да Жазушылар одағына өтуің керек» дегенді маған қайта-қайта айтып және оның жүзеге асуына бірден-бір атсалысқан қаламгер осы Қатира апам.

Сол ақжолтай хабарды естіп, қуанып, шаттанып тұрғанымда кенет көңілімді өкініштің қою бұлты торлады. Есіме Қомшабай ағай түсті. «Бұл жаңалық сәл бұрын ғана, бір-екі ай бұрын ғана болғанда ғой деп ойладым сонда. Ең әуелі сол кісіден, Одақтың мүшесі болуыма бірден-бір тілекші болған, ақын ағадан сүйінші сұрап қуантар едім».



# ЕЛ БАЙЛЫҒЫ ЕСЕЛЕНЕ БЕРЕДІ

**Мемлекеттің салық саясаты экономиканы дамытуда, әлеуметтік ахуалды көтеруде үйлестіруші, реттеуші рөл атқарып келеді. Еліміздің қалыпты дамуы мен өркендеуі бюджет кірісінің оңтайлы қалыптасуымен тығыз байланысты.**

**Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасының бастығы Серік Жолдасбекұлы Мұстафаевпен газет тілшісінің әңгімесіне осы тақырып арқау болған еді.**

*– Серік Жолдасбекұлы, салық қызметінің жұмыс сапасы болжамдалған көрсеткіштердің орындалуымен бағаланады. Бюджеттің кіріс бөлігі түсімін қамтамасыз ету салық қызметі органдарының негізгі міндеті екені белгілі. Осы ретте мемлекеттік, республикалық, жергілікті бюджеттердің, ұлттық қор түсімдері туралы айтып өтсеңіз.*

– Қызылорда қаласы бойынша 2014 жылдың 1-ші қаңтарына шоғырландырылған бюджетке жалпы салықтар және төлемдердің түсімі 574 085,7 млн. теңгені құрады (оның ішінде ҚР Ұлттық қорға 496 760,1 млн. теңге). Өткен 2012 жылмен салыстырғанда шоғырландырылған бюджетке 98 956,6 млн. теңге артық түсіп, өсу қарқыны 120,8 пайыз болды. Ұлттық қорға түскен қаржы көлемі де 116,5 пайызды құрады. Мемлекеттік бюджеттің өсу қарқыны 159,1 пайыз болып немесе 2012 жылмен салыстырғанда 28 724,9 млн. теңгеге артты.

Есепті кезеңге мемлекеттік бюджеттің болжамы 104,6 пайызға, оның ішінде республикалық бюджет 105,5 пайызға орындалып, өткен жылмен салыстырғанда бюджетке 14 976,3 млн. теңге артық түскен, жергілікті бюджет түсімі де 103,2 пайызға орындалды.

Қызылорда қаласы бойынша жергілікті бюджет болжамы 107,0 пайызға орындалып немесе болжамнан 683,8 млн. теңге артық түскен (болжам-9826,0 млн. теңге, нақты түсім – 10509,8 млн. теңге). Өткен жылмен салыстырғанда бюджетке 1 777,7 млн. теңгеге артты, немесе өсу қарқыны 120,4 пайыз.

*– Бүгінгі таңда бюджет түсімдерінің қосымша көздерін табу, салық базасын кеңейту барынша маңызды мәселенің бірі болып табылады. Осы бағытта қандай шаралар қолға алынып жатыр? Салық төлеушілердің бюджетке қарыздарын өндіру жөнінде не айтасыз?*

– 2013 жылдың 12 айында 1 694 салықтық тексеру жүргізілді. Тексерілген кешенді және тақырыптық тексерулер қорытындысы бойынша барлығы 1 793,2 млн.теңге бюджет есебіне қосымша салықтар мен басқа да міндетті төлемдер есептелінді, оның ішінде салық – 1 463,9 млн. теңге, өсім – 329,3 млн. теңге.

Басқарма кіші және орта бизнес субъектілерінен түсетін түсімді көбейту, осы бағытта салықтық әкімшілендіру жұмыстарына баса назар аударып отыр.

Тіркелмеген салық төлемгерлерін анықтау мақсатында кәсіпкерлік субъектілеріне 58 тақырыптық тексеру жүргізіліп, оның ішінде шағын бизнес субъектілерінде әр түрлі заңбұзушылықтар анықталды. Салық кодексінің 645,650-баптарына сәйкес бақылау кассалық машиналарының қолдану тәртібін бұзған және бақылау-касса машинасыз жұмыс атқарған 39 салық төлемгерінің (чек ұрылмаған, бақылау кассалық машиналары жоқ) салық заңдылықтарын бұзғаны анықталды, сол себептен Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 215-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Салық органында тіркелмей жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін 12 жеке тұлғаға ҚР Әкімшілік кодексінің 357-1 бабына сәйкес хаттамалар толтырылып, жинақталған материалдар шешім қабылдау үшін сотқа жолданды. Патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданып, жалдамалы жұмысшының көмегін пайдаланған 7 дара кәсіпкерге әкімшілік кодексінің 205-1 бабы бойынша хаттамалар толтырылды.

Сонымен қатар, қала көлеміндегі кейбір салық төлеушілер салық органдарына тапсыратын салық есептіліктерін нөлдік көрсеткішпен немесе нақты табысын төмендетіп тапсыруда, нақты жұмыс жасап отырған жалдамалы жұмысшыларын көрсетпей, келісімшартқа отырмай айлықтарын қолдап төлеп, салық төлеуден үнемі жалтаруда.

Осыған орай резерв көздерін іздестіру, салық төлеушілердің табыс сомаларын жоғарылату, жалдамалы жұмысшылар санын көбейту мақсатында 2013 жылы жүргізілген камералдық бақылау жұмыстары нәтижесінде корпоративтік табыс салығы бойынша 379 салық төлеушіден 476,2 млн. теңге сомасына қосымша салық өндірілді. Қосылған құн салығы бойынша 2 537,4 млн. теңге өндірдік.

Жеке тұлғаларға қатысты 727 салық салу объектісі есепке алынып, оның ішінде 325 жеке тұлғаның аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша мүлік салығы – 2 ,8 млн. теңге, жер салығы – 619,2 мың теңге, 402 жеке тұлға бойынша жер телімдеріне жер салығы 3,9 млн. теңге қосымша есептелді.

Қалада соның базасын ұлғайту мақсатында әкімшілік полициясы қызметкерлерімен бірлесіп бірқатар іс-шаралар өткізілді. Тексеру барысында заңсыз жолаушы тасымалдаумен айналысып жүрген 200-дей жеке тұлға анықталып оларға хабарламалар жолданды.

Такси түрінде қызмет көрсетіп жүрген компаниялар өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғастырылуда.

Сонымен қатар, қала төңірегінде орналасқан ірі сауда орталықтары, дүкендер, қонақ үйлер, сауналар нақты ақшамен есеп айырысатын дара кәсіпкерлердің, басқа да заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің тапсырған салық есептіліктеріне камералдық бақылау жасалып, хабарлама бойынша салық басқармасына шақырылып түсіндіру жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы бойынша барлығы 273 салық төлемгерінен 91,6 млн. теңге қосымша бюджетке түсірілді.

Берешегі 5 144,3 млн. теңгені құрайтын 705 салық төлеушінің салық берешегін банк шоттарындағы ақша есебінен өндіріп алу үшін инкассалық өкім қойылған, оның өндірілгені 211,1 млн. теңге.

*– Салықтық қызмет көрсетудің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстардың барысы қалай?*

– Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасының басым бағыттарының бірі салық төлеушілерін сапалы мемлекеттік қызметпен қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.11.2012 жылы №1519 Қаулысымен 33 мемлекеттік қызмет стандарттары бекітілген.

Салық төлеушілерге көрсетіліп жатқан салықтық қызметтер операциялық орталықтар арқылы, яғни ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы ұсынылуда. Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарының талаптарына сәйкес сенбі, жексенбіден басқа күндері күнделікті таңертеңгі сағат 9-дан кешкі сағат 17-ге дейін үзіліссіз жұмыс істейді. Сонымен қатар, барлық ауылдық округтер мен ірі сауда үйлеріне салық есептіліктерін тапсыратын терминалдар орнатылып салық төлеушілерге қолайлы жағдайлар жасалынған.

Салық қызметі қызметкерлерінің салық төлеушімен тікелей байланысын қысқарту мақсатында және де кезекте ұзақ тұруды болдырмау үшін, электронды түрде салық есептілігін тапсыру жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Салық төлеушілердің терминалдары бүгінгі күн талабына сай компьютерлермен, серверлік жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қазіргі танда салық төлеушілердің 80%-ы салық есептерін электронды жүйеде тапсырады.

Өткен жылғы салық төлеушілердің «Сандж» зерттеу орталығының 2013 жылы жүргізілген сауалнама нәтижесіне байланысты Қызылорда облысы бойынша салық департаменті 4-орынға ие болды. Сондай-ақ, зерттеу барысында анықталған кемшіліктерді жою, салықтық қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында тиісті іс-шаралар атқарылуда.

*– Салық басқармасының үштік кедендік одақ шеңберінде атқарылып жатқан әкімшіліктендіру жұмыстарына тоқталсаңыз?*



– Еліміз экономикалық қауымдастықтың жаңа үлгісіне қадам басып отыр. Кеңес үкіметінен кейін кеңістікте пайда болған тәуелсіз мемлекеттерді экономикалық интеграцияға шақырған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өміршең бастамалары ТМД, ЕурАзЭҚ сияқты экономикалық және саяси қауымдастықтар негізінде дамып, ақыры Достастық елдері арасындағы жаңа бірыңғай экономикалық кеңістік – Кедендік одаққа ұласты.

Біздің қаламызда осы үштік одақ шеңберінде тауар импорты және экспортымен айналысатын 200-ден аса заңды тұлға бар. Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан тауар импорттайтын жеке кәсіпкерлер де аз емес. Сондай-ақ, жеке тұлғалар сирек болса да Ресейден жеңіл автокөлік әкелуде. Олардың саны жыл өткен сайын артып келеді, сондықтан Кедендік одақтың қала бюджетіне тигізіп отырған пайдасы бар деп толық сеніммен айта аламыз.

2013 жылы Қызылорда қаласының сыртқы экономикалық байланыс жасаушы салық төлемгерлері Ресей Федерациясынан тауарлар импорттап қазынаға 1200 млн. теңгеден астам қосымша құн салығы (бұдан әрі-ҚҚС) түсіріліп, бұл көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалды, ал Беларусь Республикасынан импортталған тауарлардан бюджетке 47 млн. теңгеден астам жанама салық түсірілді немесе болжамның 100 пайызға орындалуы қамтамасыз етілді.

Дегенмен, салық заңдылықтарының талаптарын қатаң сақтайтын салық төлемгерлерімен қатар тауар импортының тәртібін сақтамаған бірқатар салық төлемгерлері анықталып, оларға ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес 69 Қаулы шығарылып, 1 670 мың теңге айыппұл салынып, бюджетке толықтай өндірілді.

*– Салық төлеушілердің арасында жиі кездесетін заңбұзушылықтарға тоқталсаңыз. Салық заңдылығын бұзған салық төлемгеріне сіздер тарапынан қандай шаралар қолданылады?*

– Салық заңдылығын бұзған салық төлеушілердің қателіктері ҚР Салық кодексінің 587-бабына сәйкес жүргізілетін камералдық бақылау нәтижесімен анықталып, оларды өз еркімен жоюға мүмкіндік беру үшін хабарлама жолданады. Хабарламаны орындауға салық төлеушіге 30 жұмыс күні беріледі. Осы мерзімде салық төлеуші қосымша салық есептілігін табыс етіп, нәтижесінде есептелген салықтарды төлейді. Хабарламада көрсетілген қателіктермен келсіпеген жағдайда салық төлеуші дәлелдеме құжаттары мен түсініктеме табыс етеді. Салық органының заңды талаптарын орындамаған жағдайда салық төлеушінің банк шоттарының операциялары тоқтам қойылады, мекенжайына салықтық зерттеу жасалады, салық міндеттемесін орындауға ықпал жасалу үшін қаржы полициясы органдарына сұраныс жолданады. Осымен бірге жоспардан тыс салықтық тексеру жүргізіледі. ҚР ӘҚБтК-нің 219-бабына сәйкес әкімгершілік шаралар қолданылады.

Салықтық әкімшілендіруді оңайлату, сондай-ақ салық төлеушілер тарапынан келеңсіздіктері болдырмау мақсатында Салық кодексінің 587-бабының 1-тармағына 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген өзгерістерге сәйкес, камералдық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтар тәуекелдерді бақылау жүйесінің қолданылуымен сараланатын болады.

*– Салық төлемгерлерінің сауаттылығын арттыруға арналған жұмыстар жүйелі жүргізіле ме?*

– Әрине, Қазақстан Республикасының Салық кодексі және салықтандыруға байланысты басқа да Заң актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды салық төлемгерлеріне жеткізу, түсіндіру, ұғындыру және салық органының имиджін көтеру, салық төлемгерлерінің салықтық мәдениетін жоғарылату мақсатында салық төлеушілер мен қоғамдық ұйымдар, сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 56 семинар-кеңес, кездесу, «дөңгелек үстел», лекциялар өткізілді.

Салық заңдылығының кейбір нормаларын түсіндіру жөнінде түскен хаттарға, телефон арқылы сұрақтарға, тікелей кездесуге келген салық төлеушілерге 4469 жазбаша және телефон арқылы жауап берілді.

*– Елбасы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту мен сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың маңыздылығы баса айтылған. Осы бағытта қандай жұмыстар атқарылды?*

– Елбасымыздың халыққа Жолдауындағы басым бағыттардың ішінде шағын және орта бизнесті дамыту мен сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алудың маңыздылығы айтылды.

Ел экономикасының ілгері басуына шағын және орта бизнестің қосар үлесі зор. Дамыған елдерде экономиканың қомақты бөлігін осы шағын кәсіпкерлік құрайды. Сондықтан мемлекет шағын және орта бизнестің қанат жаюына жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөлуде. Шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасалынуда.

Қызылорда қаласы бойынша шағын және орта бизнес субъектілерінен 2013 жылы салық түсімі 2012 жылмен салыстырғанда 3 845,4 млн. теңгеге өскен немесе өсу қарқыны 118%, салық органына тіркеліп жұмыс жасап жатқандардың саны өткен жылмен салыстырғанда 1609-ға көбейген.

Әрине, осы тұста мемлекеттік органның, мемлекеттік қызметкердің жұмысы, іс-әрекеті – шындық, айқындық, адалдық, ашықтық принциптеріне негізделуі қажет. Жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңдылық аясында үнемі және жүйелі түрде жұмыс жасауға міндеттіміз.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Басқарманың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бекітілген іс-шара жоспарларына сәйкес түрлі іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Өткен жыл бойына барлық бөлімдерде қызметкерлердің қатысуымен Қазақстан Республикасы заңдылықтарының, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдардың, Мемлекеттік қызметшілердің Этикасының талаптарын қатаң сақтау жөнінде 30 техникалық оқу өткізілді. Сонымен қатар, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша басқарма өкілдерінің, құқық қорғау органдары (қаржы полициясы, прокуратура, т.б.) қызметкерлерінің, «Нұр Отан» ХДП өкілдерінің қатысуымен 8 лекция жүргізілді. Сол сияқты салық төлеушілер арасында жүргізілген 10 семинарда, 1 «дөңгелек үстелде» міндетті түрде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі талқыланып отыр.

Сөз соңында басқармада ер азаматтармен қатар қызмет істеп келе жатқан қыз-келіншектерді көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтап өткім келіп отыр.

Аналарымыз бен қыз-келіншектерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, көктемнің жадыраған күніндей күлімдей берулеріне тілектеспін. Әрқашан да елімізде тек бейбітшілік болсын. Мемлекетіміздің өсіп-өрлеуі мен қоғамымыздағы тұрақтылықты нығайту жолында атқарып жатқан игі істеріміз табысты болсын!

*– Әңгімеңізге рахмет.*

Әңгімелескен **Н.ЕЛШІБЕК.**

*ЖОБА*

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:
«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Ш.Әлназароваға жүктелсін.
3. Осы қаулы «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 137 қаулысы қолданысқа енгізілген соң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Көшербаев**

*Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» ___________ №___ қаулысымен бекітілген*

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет берушінің атауы: облыстың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
Мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішті қабылдауды және нәтижесін беруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме:
1) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма).
2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 137 қаулысымен бекітілген «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша миссионерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап (бұдан әрі - бас тарту).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

1. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының басқармаға стандарттың 2-қосымшасына сәйкес өтініш ұсынуы.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:
1) көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) басқармаға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;
2) басқарманың кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, құжаттар пакетінің қабылдап алынғанын растайтын мөртаңба қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді және құжаттарды басқарма басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);
3) басқарма басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (жиырма минуттан аспайды);
4) орындаушы құжаттарды қарайды, құжаттар стандарттың 10-тармағындағы осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуды әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
5) көрсетілетін қызметті беруші бас тартуға қол қояды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
6) басқарманың кеңсе қызметкері бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды);
7) құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, орындаушы куәлікті әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (күнтізбелік жиырма төрт күн ішінде);
8) көрсетілетін қызметті беруші куәлікке қол қояды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
9) басқарманың кеңсе қызметкері куәлікті тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды).
Материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу немесе қайта тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады. Сараптама жүргізу мерзімі сараптама объектісі келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды. Сараптама жүргізу үшін сарапшының (сарапшылардың) қосымша материалдар мен ақпаратты зерделеуі қажет болған жағдайда, сараптама жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге ұзартылуы мүмкін.
Көрсетілген негіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тоқтатылған (дінтану сараптамасы ұзартылған) жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тоқтатылғаннан (дінтану сараптамасы ұзартылған) бастап екі жұмыс күні ішінде оның мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату туралы хабарлайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:
1) басқарманың кеңсе қызметкері;
2) басқарма басшысы;
3) орындаушы.
4) көрсетілетін қызметті беруші.
4. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы сипатталған құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес сипатталған.
5. Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы сипаты, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

6. Басқарма басшысы мен көрсетілетін қызметті беруші (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.
Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапкершілікте болады.
7. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.
8. Қызмет көрсету жөніндегі ақпарат алуға, сондай-ақ, оның сапасын бағалау (сонымен қатар шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефонының нөмірі 8(7242) 263324, бірыңғай байланыс-орталығы (1414).

*«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша*

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілен құрылымдық бөлімшелердің (қызметкердердің) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы

| 1 | Іс-әрекеттің (барысы, жұмыс ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелер дің атауы | Басқарманың кеңсе қызметкері | Басқарма басшысы | Орындаушы | Көрсетілетін қызметті беруші | Басқарманың кеңсе қызметкері | Орындаушы | Көрсетілетін қызметті беруші | Басқарманың кеңсе қызметкері |
| 3 | Іс-әрекеттердің атауы (үдерістің , операция рәсімінің ) атауы және оларды ң сипаттамасы | құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) өтініштің көшірмесін береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды және құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуды әзірлейді | бас тартуға қол қояды | бас тартуды тіркейді | құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда куәлікті әзірлейді | куәлікке қол қояды | куәлікті тіркейді |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыр - әкімшілік шешім) | құжаттарды басқарма басшысына ұсынады | құжаттарды орындаушыға жолдайды | бас тартуды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | бас тартуды басқармаға жолдайды | бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді | куәлікті көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | куәлікті басқармаға жолдайы | куәлікті көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді |
| 5 | Орындау мерзімі | 20 минут тан аспайды | 20 минуттан аспайды | 2 жұмыс күні ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 20 минут тан аспайды | күнтізбелік 2 4 күн ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды |

*«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша*

Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өтуін сипаттау блок-схемасы




*Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» ___________ №___ қаулысымен бекітілген*

«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет берушінің атауы: облыстың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті қабылдауды және нәтижесін беруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме:
1) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма).
2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу хат (бұдан әрі – келісу хаты) не Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 137 қаулысымен бекітілген «Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» (бұдан әрі – стандарт) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап (бұдан әрі – бас тарту).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілген қызметті алушының басқармаға мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес өтініш беруі.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:
1) көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) басқармаға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;
2) басқарманың кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, мөртаңба қойылған құжаттар топтамасының қабылданғанын растайтын көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді және құжаттарды басқарма басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);
3) басқарма басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (жиырма минуттан аспайды);
4) орындаушы құжаттарды қарайды, құжаттар стандарттың 10-тармағындағы осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуды әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
5) көрсетілетін қызметті беруші бас тартуға қол қояды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
6) басқарманың кеңсе қызметкері бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды);
7) құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, орындаушы келісім-хатты әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (күнтізбелік жиырма төрт күн ішінде);
8) көрсетілген қызметті беруші келісім-хатқа қол қояды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
9) басқарманың кеңсе қызметкері келісім-хатты тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды).

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:
1) басқарманың кеңсе қызметкері;
2) басқарма басшысы;
3) орындаушы;
4) көрсетілетін қызметті беруші.
7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы сипатталған құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес сипатталған.
8. Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы сипаты, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

9. Басқарма басшысы мен көрсетілетін қызметті беруші (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар болып табылады.
Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуде жауапкершілікте болады.
10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.
11. Қызмет көрсету жөніндегі ақпарат алуға, сондай-ақ, оның сапасын бағалау (сонымен қатар шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефонының нөмірі 8(7242) 263324, бірыңғай байланыс-орталығы (1414).

*«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша*

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкердердің) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы

| 1 | Іс-әрекеттің (барысы, жұмыс ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелер дің атауы | Басқарманың кеңсе қызметкері | Басқарма басшысы | Орындаушы | Көрсетілетін қызметті беруші | Басқарманың кеңсе қызметкері | Орындаушы | Көрсетілетін қызметті беруші | Басқарманың кеңсе қызметкері |
| 3 | Іс-әрекеттердің атауы (үдерістің , операция рәсімінің ) атауы және оларды ң сипаттамасы | құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) өтініштің көшірмесін береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды, құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуды әзірлейді | бас тартуға қол қояды | бас тартуды тіркейді | құжаттар ды қарайды, құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда келісім -хатты әзірлейді | келісім -хатқа қол қояды | келісім -хатты тіркейді |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат ұйымд астыру – әкімшілік . шешім) | құжаттарды басқарма басшысына ұсынады | құжаттарды орындаушыға жолдайды | бас тартуды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | бас тартуды басқармаға жолдайды | бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне ) береді | келісім -хатты көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | келісім -хатты басқармаға жолдайы | келісім -хатты көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді |
| 5 | Орындау мерзімі | 20 минут тан аспайды | 20 минуттан аспайды | 2 жұмыс күні і шінде | 2 жұмыс күні ішінде | 20 минут тан аспайды | күнтізбелік 2 4 күн ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 20 минут тан аспайды |

*«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша*

Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өтуін сипаттау блок-схемасы




*Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» ___________ №___ қаулысымен бекітілген*

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет берушінің атауы: облыстың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті қабылдауды және нәтижесін беруді жүзеге асырушы мемлекеттік мекеме:
1) «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма).
2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім (бұдан әрі – шешім).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) басқармаға Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпанындағы № 137 қаулысымен бекітілген «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) қосымшасына сәйкес өтініш беруі.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:
1) көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) басқармаға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;
2) басқарманың кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп мөртаңба қойылған, құжаттар пакетінің қабылдап алынғанын растайтын көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді және құжаттарды басқарма басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);
3) басқарма басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (жиырма минуттан аспайды);
4) орындаушы құжаттарды қарайды, шешімді әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (күнтізбелік жиырма алты күн ішінде);
5) көрсетілетін қызметті беруші шешімге қол қояды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);
6) басқарманың кеңсе қызметкері шешімді тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды).

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:
1) басқарманың кеңсе қызметкері;
2) басқарма басшысы;
3) орындаушы;
4) көрсетілетін қызметті беруші.
7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы сипатталған құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес сипатталған.
8. Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы сипаты, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

9. Басқарма басшысы мен көрсетілетін қызметті беруші (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар болып табылады.
Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуде жауапкершілікте болады.
10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.
11. Қызмет көрсету жөніндегі ақпарат алуға, сондай-ақ, оның сапасын бағалау (сонымен қатар шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефонының нөмірі 8 (7242) 263324, бірыңғай байланыс-орталығы(1414).

*«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша*

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкердердің) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы

| 1 | Іс-әрекеттің (барысы, жұмыс ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелер дің атауы | Басқарманың кеңсе қызметкері | Басқарма басшысы | Орындаушы | Көрсетілетін қызметті беруші | Басқарманың кеңсе қызметкері |
| 3 | Іс-әрекеттердің атауы (үдерісі , операция рәсімінің ) атауы және оларды ң сипаттамасы | құжаттарды тірке йді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) өтініштің көшірмесін бер еді | құжаттарды қарайды | құжаттар ды қарайды және шешімді әзірле йді | шешімге қол қо яды | шешімді тірке йді |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат) ұйымдастыру – әкімшілік шешім) | құжаттарды басқарма басшысына ұсын ды | құжаттарды орындаушыға жолда йды | шешімді көрсетілетін қызметті берушіге жолда йды | шешімді басқармаға жолда йды | шешімді көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) бер еді |
| 5 | Орындау мерзімі | 20 минутт ан аспайды | 20 минутт ан аспайды | күнтізбелік 2 6 күн ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 20 минутт ан аспайды |

*«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша*

Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген, әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өтуін сипаттау блок-схемасы




Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» _________ №_____қаулысымен бекітілген

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет берушінің атауы: облыстың жергілікті атқарушы органы («Қызылорда облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – басқарма) келісімі бойынша «Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді қабылдауды және нәтижесін беруді жүзеге асырушы мемлекеттік мекеме:

1) көрсетілетін қызметті беруші

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – облыстың жергілікті атқарушы органының ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, немесе үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімі (бұдан әрі - шешім) немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №137 қаулысымен бекітілген «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауабы (бұдан әрі – бас тарту).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) басқармаға стандарттың 1 немесе 2-қосымшаларына сәйкес өтініш ұсынуы.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің процесіне кіретін, әрбір рәсімнің (іс - қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) басқармаға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) басқарманың кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, құжаттардың қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, мөртаңба қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді және құжаттарды басқарманың басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

3) басқарма басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды қарайды, құжаттар стандарттың 10-тармағындағы осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуды дайындайды және басқарма басшысына жолдайды (екі жұмыс күн ішінде);

5) басқарма басшысы бас тартуға қол қояды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

6) кеңсе қызметкері бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды);

7) құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда орындаушы шешімнің жобасын дайындайды және келісім алуға жергілікті атқарушы органға жолдайды (жеті күнтізбелік күн ішінде);

8) жергілікті атқарушы орган шешімнің жобасымен келіседі (бұдан әрі - келісім) немесе келісуден бас тартады және басқармаға жолдайды (он төрт күнтізбелік күн ішінде);

9) кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және басқарма басшысына ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

10) басқарма басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

11) орындаушы құжаттарды қарайды, шешімді немесе бас тартуды дайындайды және басқарма басшысына ұсынады (жеті күнтізбелік күн ішінде);

12) басқарма басшысы шешімге немесе бас тартуға қол қояды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

13) кеңсе қызметкері шешімді немесе бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді (жиырма минуттан аспайды).

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын қызмет берушілердің, құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі;

1) уәкілетті органның кеңсе қызметкері;

2) уәкілетті органның басшысы;

3) орындаушы;

4) жергілікті атқарушы орган.

7. Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес ?рбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасында келтірілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

9. Көрсетілетін қызметті беруші мен басқарма басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты тұлғалар болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапкершілікте болады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

11. Қызмет көрсету жөнінде ақпарат алуға, сондай-ақ, оның сапасын бағалау (сонымен қатар шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефондарының нөмірі: 8 (7242) 26-30-46, 26-33-24, бірыңғай байланыс орталығы (1414).

*«Дін қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша*

Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекеттің (барысы, жұмыстар ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Басқарма басшысы | Орындаушы | Басқарма басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Орындаушы |
| 3 | Іс-әрекеттердің (үдерістің, операция рәсімінің) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тірке йді, көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) өтініштің көшірмесін береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қара йды, құжаттар б елгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бас тартуды дайында йды | бас тартуға қол қояды | бас тартуды тіркейді | құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда шешім жобасын дайындайды |
| 4 | Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру -әкімшілік шешім) | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсын ады | орындаушы ға жолдайды | бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолда йды | кеңсе қызметкері не жолдайды | бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді | шешім жобасын басқармаға жолдайды |
| 5 | Орындалу мерзімі | 20 минуттан аспайды | 20 минуттан аспайды | 2 жұмыс күні ішінде | 20 минуттан аспайды | 20 минуттан аспайды | 7 күнтізбелік күн ішінде |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекеттің (барысы, жұмыстар ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Басқарма | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Орындаушы | Басқарма басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| 3 | Іс-әрекеттердің (үдерістің, операция рәсімінің) атауы және олардың сипаттамасы | шешім жобасы мен келіседі немесе келісуден бас тартады | құжаттарды тіркейді | құжаттарды қарайды | шешімді немесе бас тартуды дайындайды | шешімге немесе бас тартуға қол қояды | құжаттарды тіркейді |
| 4 | Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру -әкімшілік шешім) | келісілген шешім жобасы н немесе келісуден бас тартуды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | орындаушы ға жолдайды | шешімді немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады | кеңсе қызметкеріне жолдайды | шешімді немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) береді |
| 5 | Орындалу мерзімі | 14 күнтізбелік күн ішінде | 20 минуттан аспайды | 20 минуттан асп айды | 7 күнтізбелік күн ішінде | 20 минуттан аспайды | 20 минуттан аспайды |

*«Дін қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша*

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігі сипаттамасының өту блок-схемасы




ДЕНСАУЛЫҚ

# ЕЛ ІШІНДЕГІ ЕМШІ

Мемлекеттің бірінші байлығы халқы және оның денсаулығы екені Ата Заңымыздың бірінші бабында атап көрсетілген. Сыр өңірінің экологиялық апат аймағы болып табылғанын жұрттың бәрі біледі. «Жер қойнауы тұнып тұрған байлық, Менделеев картасындағы бүкіл химиялық элемент қазақ жерінде» деп мақтанғанымызбен соның зардабын тартып-ақ келеміз. Бұдан үш жыл бұрынғы дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірлесе жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша ойлантады. Шыны керек, дәрігерлер бір ауруды емдегенімен, адам бойында екінші бір ауру бас көтереді. Оның үстіне қазіргі көп дәрігердің біліктілігі жетіспейді, ауруханаларда орын жоқ. Содан да болар, жаны қиналған көп жандар халық емшілеріне барғанды жөн көреді.

Емшінің де емшісі бар, бәрін бірдей жоққа шығара алмайсың, бәрін бірдей көкке көтере алмайсың. Солай болса да, кей емшінің науқасыңды дөп басып, емдеу жолдарын нақты айтып бергеніне таңғаласың. Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған, «халық емшісі» атын алған Кенжебай Тоғызбаев осындай сирек кездесетін емшілер қатарында. Жаратқан оның алақанына қызу, бойына қасиет дарытқан. Ол өзіне сеніммен келген жанның ағзасының қай бөлігінде қандай ақау барын тура айтады. Мен өзім туралы айтайын. Қазір жетпістің жетеуіне келдім, соның жарыдан астам уақытын аурумен арпалысып өткізіп келемін. Жүрегім ауырады, дәрігердің дәрісін көп қабылдап, асқазаны ақаулы еттім. Осыдан үш-төрт жыл бұрын сүріне құлап, аяқтан қалдым. Қарға адым жер жүру мұң болып қалды. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалдым. Емхана, аурухана, жеке клиникада емделдім, нәтижесі болмады. Сосын бәрін қойып, жақсы аты шығып жүрген Кенжебай емшіге бардым. Қаншама жылдан бері танысам да, оған барудың сәті түспей жүрген-ді. Сізге өтірік, маған шын, емшіге емделген соң өзімді қинаған аурудың бәрінен құтылдым. Қан қысымым жөнделді, ұйқым тынышталды. Әрине, жас шақтағы денсаулықты армандай алмайсың, күз, көктемде тұрақты ем алып тұрамын.

